| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | Амандасу. Әнұран айту.<br>«Жабайы аңдар»<br>**Балалар:**<br>Сәлеметіз бе!<br>- Енді, әдеттегідей шаттық шеңберге жиналып, бүгінгі күнге сәттілік тілейміз.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Армысың, шапағатты,<br>Күн ана<br>Армысың қайырымды, Аспан ана<br>Армысың мейірімді, Жер ана<br>Армысың менің достарым.<br>- Өте жақсы, біз енді сабағымызды бастамас бұрын, төрт топқа бөлінеміз.<br>Топқа бөліну.<br>«Көжектер», «Тиіндер», | Амандасу. Әнұран айту.<br>Сұрақ-жауап: Әңгімелесу.<br>«Нені жақсы көреді?»<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Табиғатым тамаша<br>Көз тоймайды қараса<br>Табиғатты аялап<br>Жүрейікші жараса.<br>Сәлем саған нұрлы күн<br>Сәлем саған жер ана<br>Аман-есен болайық<br>Суретпен жұмыс<br>*Қасқырдың суреті*<br>Балалар мына аңды қасқыр деп атаймыз. Ол күшті, батыр, ержүрек,ақыл айласы да бар өте қауіпті жыртқыш аң. Қасқыр жан-жануарлармен, құстармен қоректенеді. Үй жануарлары кездесе қалса жеп қояды. Оның баласын – бөлтірік деп айтамыз. Қасқыр-волк.<br><br>*Аюдың суреті.* |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Кірпілер», «Қонжықтар» болып төрт топқа бөлінейік.<br>**Сабақ барысы:**<br>«Ой толғаныс»<br>«Ортадағы қаламсап» стратегиясы<br>Әр топта қаламда балалардың есімі жазылып тұрады. Қаламсапты алу арқылы, тәрбиші балаларға сұрақ қояды.<br>**Мұғалім:** Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>**Балалар:** Қыс мезгілі<br>**Мұғалім:** Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>**Балалар:** Үш ай. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>**Мұғалім:** Қыс мезгілінде табиғатта қандай құбылыстар болады?<br>**Балалар:** Су қатады, боран соғады, аяз болады, айналаның бәрін қар жауады.<br>**Мұғалім:** Қандай жабайы жануарларды білесіңдер?<br>**Балалар:** Аю, қасқыр, түлкі, тиін кірпі.<br>**Мұғалім:** Оларды неге жабайы жануарлар деп атайды?<br>**Балалар:** Өйткені олар орманда өмір сүреді, | Ал мына аң аю деп аталады. Ол денесі ірі,икемсіз жырткыш аң. Аю судан балық аулап,жидек теріп, құстарды аулап жейді. Олар қыс бойы ұйқыда жатады. Оның баласын қонжық деп атайды. Аю-медведь.<br><br>*Түлкінің суреті.*<br>Бұл аң түлкі деп аталады.Оның денесі қасқырға ұқсас болып келеді,бірақ қасқырға қарағанда тұмсығы ұзындау болады.Түсі қызғылт болады.Терісі бағалы.Ол түрлі құстарды,құстың жұмыртқасын,балық аулап жейді.Түлкінің баласын түлкішек деп атайды.Түлкі-лиса.<br><br>*Қоянның суреті*<br>Бұл қоян. Қоян шөпкоректі жануар. Оның денесі ұзын, қарғуға, секіруге икемді, құйрығы қысқа, екі ұзын құлағы бар, қорқақа жануар. Қоянның түсі қыста ақ болады, ал басқа жыл мезгілдерінде оның түсі сұр болады. Оның баласын көжек деп атайды. Қоян-заяц.<br><br>Есік қағып бауырсақ келеді.<br><br>— Бауырсақ сен біздің балабақшамызда қайдан жүрсің?<br>— Мен сіздерден көмек сұрай келдім. Атам мен әжемнен адасып қалдым, маған атам мен әжемді табуға көмектесіңіздерші.<br>— Балалар бауырсаққа көмектесемізбе?<br>— Ия<br>— Ендеше бәріміз орманға барайық.<br>— Балалар қазір қай жыл мезгілі?<br>— Күз мезгілі<br>— Қараңыздаршы ағаштарда не өзгерістер бар?<br>— Жапырақтар сарғайып жерге түсіп жатыр<br>— Ал мына ағаштар шырша деп аталады. Ол қысы жазы жасыл түсті болады.<br>(Қоянның даусы естіледі)<br>— Балалар бұл ненің даусы? (Қоян келеді.)<br>— Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін<br>— Жемеші мені<br>Онда сен менің тапсырмамды орында,маған қоян туралы өлең айтып бер |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | тамақтарын өздері тауып жейді, өздеріне тұратын үй іздейді.<br>**Мұғалім:** Өте жақсы балалар сендер жақсы жауап бердіңдер!<br>**Мағынаны табу.**<br>**Тапсырма:** «Жабайы аңдарды сипаттау»<br>1. Аю - жыртқыш аң, бірақ ешкімге тиіспейді. Аюдың екі түрі болады.<br>Қасқыр - жыртқыш аң. Тістері өткір.<br>**2 - тапсырма:** «Қандай жұмбақ болса да, шешпей оны қоймаймыз»<br>1. Тұмсығы ұзын аң?- піл<br>2. Баласын қалтасына салып жүретін аң?- кенгру<br>3. Арадан қорқатын аң?- аю<br>4. Ең ұзын мойын...(керік)<br>**3 - тапсырма:** «Балаларын ата»<br>- Балалар, енді жабайы аңдардың баласын атаңдар.<br>1. Қасқырдың баласы - /бөлтірік/<br>2. Аюдың баласы -/қонжық/<br>3. Түлкінің баласы -/мыршай/<br>4. Қоянның баласы -/көжек/<br>5. Арыстанның баласы | Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді<br>Қарап еді артына<br>Қиығын салып көзінің<br>Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің<br>Қасқырдың дауысы естіледі.<br>— Балалар бұл ненің даусы? Қасқыр келеді.<br>— Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін<br>— Жемеші мені<br>— Онда менің сендерге қояр жұмбақтарым бар, шешімін тауып беріңдер.<br>Жұмбақтар<br>Сыбдыр шықса қашады<br>Қырдан бірақ асады. (қоян)<br>Қорбаң қорбаң етеді<br>Орман оның мекені<br>Тәтті балға тойып ап<br>Қыста ұйқыға кетеді. (аю)<br>Өзі бір қу,жүрген жері айқай шу. (түлкі) |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі   Қаңтар айы: Заң және тәртіп  айы.
Пән мұғалімі: Самбетова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі: 20.01.2025 - 23.01.2025ж
«Жақсы бала-тәртіпті бала»

| Апта күні | Дүйсенбі 20.01.2025ж | Бейсенбі 23.01.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары, Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен Жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі<br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет**<br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | Амандасу. Әнұран айту.<br>Сұрақ-жауап: Әңгімелесу.<br>**«Үй құстары»**<br>Қостілділік компоненті: тауық - курица, әтеш - петух, шөже - цыпленок<br>Мотивациялық - қозғаушылық Шаттық шеңбері: Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық, Таза ауаны жұтайық, Жүрек жылуымызды, Қонақтарға сыйлайық.<br>- Жақсы балалар, енді орындарыңа жайғаса қойыңдар.<br><br>Ұйымдастырушылық - ізденістік | Амандасу. Әнұран айту.<br>Сұрақ-жауап: Әңгімелесу.<br>**«Ненің балапаны?»**<br>Есік қағылып топқа тауық ұстаған Сара апа кіреді.<br>– Салеметсіндер ме, балалар!<br>– Балалар амандасады.<br>– Балалар мен сендерге өзімнің күтіп баптап өсірген тауығымды және жұмыртқалар алып келдім.<br>– Балалар тауыққа назарларын аударады.<br><br>2. Негізгі бөлім<br>– Балалар, міне мынау тауық, тауықты сипап көрейік жүні майда, айдары бар, |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ұйымдастырушылық - ізденістік<br>- Балалар, біз қандай құстарды білеміз?<br>- Құстар қандай болып бөлінеді?( Үй құстары және дала құстары болып екіге бөлінеді).<br><br>- Үй құстарына қандай құстар жатады? (қаз, үйрек, тауық, қораз).<br>- Дала құстарына ше?(торғай, қарлығаш, қарға, тоқылдақ, көкек).<br>- Дұрыс айтасыңдар.<br>- Ал бұл құстардың айырмашылығы, балалар, үй құстары үйде бағылады, адамның көмегін қажет етеді. Дала құстары болса, өз бетінше өмір сүре алады, өз тамақтарын өздері аулап өмір сүреді.<br>- Балалар, үй құстары бір - бірімен қалай амандасатынын білесіңдер ме? құстар сөйлей білмесе де өздеріне тән дыбыс шығарып, өзара бір | тұмсығын, қанатын созып көрейік, ол қанатының астына балапандарын алып қорғайды. Аяғында тырнағы бар екен. Онымен жер тырналап, балапандарына жем тауып береді. Тауықтың баласын балапан дейміз.<br><br>VI. Сөздік жұмыс: Тауық, балапан<br>Билингвалдық компоненті: Тауық – курица, балапан - цыпленок,<br>Видео жазба көрсету.<br>– Балалар, тақтаға қарайықшы не көріп тұрсыңдар?<br>– Тауықтар, балапандар т. б.<br>– Тауық не істеп жүр<br><br>V. Сергіту сәті:<br>«Шеп - шеп» шөжелерім (бейне таспа арқылы)<br>Балалар қимылдармен жасайды.<br>- Балалар, үй құстарының адамға пайдасы өте көп. Олардың жұмыртқасы мен еті - тамақ.<br>- Тауықтың баласын не деп атайды екенбіз?<br>- Балапан.<br>- Балапанның түсі қандай?<br>- Сары (суретке қарап атайды)<br>- Тауықтарға жем, су береміз.<br>Тауықтар бидайды жақсы көреді. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | VI. Дидактикалық ойын:<br>«Жартысын тап»<br>Мақсаты: Балалардың<br>қызығушылықтарын арттыру.<br>Шарты: Балалар сурет жартысын тауып<br>оларды орналастыра білуді үйрету.<br>(үлгіге қарап)<br><br>VIII. Оқу қызметін бекіту<br>- Тауық қалай дыбыстайды?<br>- Балалар тауықтың дауысын салады.<br>- Қыт - қыт.<br>Оқу қызметін қорытындылау.<br>– Балалар, бүгін біз қандай үй құсымен<br>таныстық?<br>– Тауықпен балапанмен.<br>– Тауықтың баласын не деп атайды<br>екенбіз?<br>– Балапан.<br>– Балапаның түсі қандай екен?<br>– Сары.<br>– Тауық қалай дыбыстайды екен?<br>– Қыт - қыт.<br>Балалар білімін бағалау мақтап –<br>мадақтау. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі   Қаңтар айы: Заң және тәртіп  айы.
Пән мұғалімі: Самбетова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі: 27.01.2025- 30.01.2025ж
«Тәртіп-тәрбие негізі»

| Апта күні | Дүйсенбі 27.01.2025ж | Бейсенбі 30.01.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары,<br>Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен<br>Жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі<br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет**<br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | Амандасу. Әнұран айту.<br>Сұрақ-жауап: Әңгімелесу.<br>**«Қайда?»**<br>Аңдардың өмір сүру ортасын, олардың немен қоректенетінін айтып түсіндіру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып,оларға қамқорлықпен карауға, табиғатты аялай білуге үйрету.<br>**Қостілділік компонент:** Орман-лес, аю-медведь, қоян-заяц, түлкі-лиса, қасқыр-волк.<br>**Жылулық шеңбері** | Амандасу. Әнұран айту.<br>Сұрақ-жауап: Әңгімелесу.<br>**«Дала құстары»**<br>Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын сендер жауабын табыңдар.<br><br>«Миға шабуыл» әдісі.<br>Жұмбақ:<br>Кішкене ғана бойы бар,<br>Тамақта ғана ойы бар.<br>Тіршілік құрып жүреді<br>Шамасы аз жануар.<br>(Сұңқар)<br><br>Бейбіт құсы аталады,<br>Бар әлемге жар салады. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Табиғатым тамаша<br>Көз тоймайды қараса<br>Табиғатты аялап<br>Жүрейікші жараса.<br>Сәлем саған нұрлы күн<br>Сәлем саған жер ана<br>Аман-есен болайық<br>Бейбітшілік қалайық<br>Табиғат дегеніміз бізді қоршаған орта. Ол барлық тіршілік иелерінің ортақ үйі. Бүгінгі оқу қызметінде табиғаттағы тіршілік иелерінің бірі жабайы аңдармен танысамыз.<br><br>Суретпен жұмыс<br><br>*Қасқырдың суреті*<br>Балалар мына аңды қасқыр деп атаймыз. Ол күшті, батыр, ержүрек,ақыл айласы да бар өте қауіпті жыртқыш аң. Қасқыр жан-жануарлармен, құстармен қоректенеді. Үй жануарлары кездесе қалса жеп қояды. Оның баласын – бөлтірік деп айтамыз. Қасқыр-волк.<br><br>*Аюдың суреті.* | Танисың ба ол құсты<br>Аты қалай аталады? (Көгершін)<br><br>Балалар сендер бейне таспадан не көрдіңдер?<br>Құстар(торғай,қарға,көгершін, қарлығаш,сауысқан, сұңқар)<br>Міне балалар бұлардың бәрі біздің Қазақстанда өмір сүретін құстар.<br>(бала үнін есту).<br>Әңгімелеу.<br>Балалар құстар адамға дос. Құстардың еті тамақ болса, мамық қауырсыны жастық, көрпеше т.б. болады. Құстар орман, жер зиянкестерімен қоректеніп,ауыл шаруашылығына пайдасы өте көп.Құстар табиғатқа сән береді,олардың әуені табиғатқа сән береді,табиғатты құлпыртып, адамдардың көңіл-күйін көтереді. Құстар табиғатымызды зиянкестерден қорғайды,оларды табиғат емшілері деп атайды.Бейне таспамен құстарды көрсету.<br><br>Тәрбиеші; Балалар олай болса барлығымыз өздерінің ұнаған құстарыңды алып, топқа бөлінейік. Бүгін топпен жұмыс жасаймыз.(балалар екі топқа бөлінеді).<br>«Топтастыру» әдісі<br>Балаларды құстардың суретін беру арқылы екі топқа бөлу. Әр топтың өз топбасшысы сайланады, топты қорғау |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Ал мына аң аю деп аталады. Ол денесі ірі,икемсіз жыртқыш аң. Аю судан балық аулап,жидек теріп, құстарды аулап жейді. Олар қыс бойы ұйқыда жатады. Оның баласын қонжық деп атайды. Аю-медведь.<br><br>*Түлкінің суреті.*<br>Бұл аң түлкі деп аталады.Оның денесі қасқырға ұқсас болып келеді,бірақ қасқырға қараганда тұмсығы ұзындау болады.Түсі қызғылт болады.Терісі бағалы.Ол түрлі құстарды,құстың жұмыртқасын,балық аулап жейді.Түлкінің баласын түлкішек деп атайды.Түлкі-лиса.<br><br>*Қоянның суреті*<br>Бұл қоян. Қоян шөпқоректі жануар. Оның денесі ұзын, карғуға, секіруге икемді, құйрығы қысқа, екі ұзын құлағы бар, қорқақа жануар. Қоянның түсі | тақпақ ,тиым сөз, мақал-мәтел айтылады.<br>1-топ; «Сұңқар»<br>Топбасшысы Ырысты;<br>Таныстыру.<br>Сұңқар-Қазақстанда кең тараған құстардың бірі. Жұптасып тірлік етеді. Мекиені үш-төрт жұмыртқа табады. Көп сәттерде тасқа ұялайды. Жұмыртқасын бір ай мөлшері басып, балапан шығарады.<br><br>2-топ; «Көгершін»<br>Топбасшысы Бақытжан;<br>Таныстыру. Көгершіндер орманды, кейде таулы жерлерде тіршілік ететін, адам жайларына үйір, денесі тығыз, тұмсығы қысқа және балауызсымақтары бар құстар.<br><br>ҰОҚ негізгі бөлімі 1-топ; «Сұңқар»<br>2-тапсырма. Тақпақ.<br>Көгершіндер, көгершіндер,<br>Мәңгі өсіп-өнерсіңдер.<br>Алла берген тіршілікті<br>Елмен бірге көрерсіңдер.<br>2-топ; «Көгершін»<br>2-тапсырма.Тақпақ.<br>Бақытың артқан шағында,<br>Жапалақ салсаң, қу ілер.<br>Бақытың тайған шағында,<br>Сұңқар салсаң, аз ілер.<br>1-топ; «Сұңқар»<br>3-тапсырма |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | қыста ақ болады, ал басқа жыл мезгілдерінде оның түсі сұр болады. Оның баласын көжек деп атайды. Қоян-заяц.<br><br>Есік қағып бауырсақ келеді.<br><br>— Бауырсақ сен біздің балабақшамызда қайдан жүрсің?<br>— Мен сіздерден көмек сұрай келдім. Атам мен әжемнен адасып қалдым, маған атам мен әжемді табуға көмектесіңіздерші.<br>— Балалар бауырсаққа көмектесемізбе?<br>— Ия<br>— Ендеше бәріміз орманға барайық.<br>— Балалар қазір қай жыл мезгілі?<br>— Күз мезгілі<br>— Қараңыздаршы ағаштарда не өзгерістер бар?<br>— Жапырақтар сарғайып жерге түсіп жатыр<br>— Ал мына ағаштар шырша деп аталады. Ол қысы жазы жасыл түсті | Құс туралы тыйым сөздер<br>1.Құстың ұясын бұзба,<br>2.Жұмыртқасын шашпа<br>3.Балапанын өлтірме.<br>4.Құсқа тас лақтырма.<br><br>2-топ; «Көгершін»<br>3-тапсырма. Құс туралы мақал-мәтел.<br>1.Қыран құс шашып жейді,<br>қара құс басып жейді.<br>2.Аққуды атпа,Досыңды сатпа.<br>3. Шыдамсыз лашынды бөктерсе,<br>Асықпаған сұңқарға жетер.<br><br>Тіл ұстарту жаттығуы:<br>Қа-қа-қа –қарға<br>То-то-то- тоқылдақ<br>Са-са-са- сауысқан<br>Кө-кө-кө көктеке<br>(екі топқа айтқызу)<br><br>Сергіту сәті;<br>Қарлығаш боп ұшайық.<br>Торғай болып қонайық.<br>Сауысқан боп секіріп<br>Тоқылдақ боп шоқиық<br>Қане қанат жазайық<br>Қарлығаш боп ұшайық<br>Ұшып – ұшып алайық<br>Орнымызға қонайық.<br><br>1-топ: «Сұңқар»<br>4-тапсырма.<br>Ойын; «Әр құстың ұясын тап?» |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | болады. (Қоянның даусы естіледі)<br>— Балалар бұл ненің даусы? (Қоян келеді.)<br>— Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін<br>— Жемеші мені<br>Онда сен менің тапсырмамды орында,маған қоян туралы өлең айтып бер<br><br>Ұзын құлақ сұр қоян<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы қырлы жерлермен<br>Ытқып-ытқып жүгірді<br>Қарап еді артына<br>Қиығын салып көзінің<br>Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің<br>Қасқырдың даусы естіледі. | Қазақстанда мекендейтін құстардың суретін құрастырып, балалар құрастырған ұясын айтып береді.<br>2-топ; «Көгершін»<br>4-тапсырма.<br>Ойын: «Қай жерде тұрады?»<br>Балалар дала құсын көк түспен қоршап, үй құстарын қызыл түспен қоршап сызып ажыратып айтады және осы құстарға нүктелеу арқылы жем жасайды.<br><br>1-топ; «Сұңқар»<br>5-тапсырма.- құм (балалар саусақ моторикасы арқылы құстарды салады).<br><br>2-топ; «Көгершін»<br>5-тапсырма.- тұз(балалар саусақ моторикасы арқылы құстарды салады).<br><br>ҰОҚ қорытынды бөлімі Жарайсыңдар балалар бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметі ұнадыма?<br>— Қандай құстармен таныстыңдар?<br>-Қандай тапсырмалар орындадық?<br>Балаларды жұлдызша арқылы мақтап, мадақтау.<br>балалардың жауабы тыңдалады. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:
Алиф

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі Самбетова А.Е
Пән мұғалімі: Ақпан айы: Жасампаздық пен жаңашылдық айы.
Жоспардың құрылу кезеңі: 03.02.2025 -06.02.2025ж
«Білім алып, жаңа нәрсе үйрен!»

| Апта күні | Дүйсенбі 03.02.2025ж | Бейсенбі 06.02.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары, Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі<br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҰІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет**<br><br>**ҰІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **«Көліктер»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Ән ұран айту.<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп таныстыы көреміз.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Біздер сәлем береміз.<br>**Ғажайып сәт.**<br>- Балалар таңертең балабақшаға келе жатқанда сиқырлы қоржын тауып алдым.<br>Ішінде не бар екен көреміз бе?<br>Бір бірден таңдап алыңдар.<br>Балалар мұның ішінде суретті жұмбақтар бар екен.<br>Шешіп көреміз бе?<br>Ал, мұқият тыңдайық.<br>Қанаты бар жаны жоқ, Табаны бар, аяғы жоқ.<br>Өзі ұшады, аспанда жүреді, | **«Арнайы көліктер»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Балалармен амандасу:<br>Ұйымдастыру кезеңі:<br>Қ\ойын: «Өз гаражыңды тап». (әуен қосылады) Машинаның рөлін ұстап балалар жүреді, әуен тоқтағанда рөлінің түсіне сай гаражын табу керек.<br>Дыбыстық жұмбақ.<br>Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз сұрақтарға жауап беріп, ашық оқу-қызметке белсене қатынасамыз.<br>— Көлік дегеніміз не?<br>— Ол адамға неге қажет?<br>— Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер?<br>Негізгі бөлім: Балалар, мына суреттерге қараңдаршы. Көліктердің қандай түрлері болады? Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Көліктердің төрт |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Теңіз таудан да өтеді. (Ұшақ)<br>Жарайсыңдар! Қане кімнің қолында ұшақ бар?<br>Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі. (Қайық)<br>Дұрыс таптыңдар! Қане кімнің қолында қайық бар?<br>Бүгін көлік түрлерімен танысамыз. Д\О: «Көліктерді орналастыр»<br>Көліктер әр түрлі болады , әуеде жерде, суда. Осы көліктерді орындары бойынша орналастырамыз.<br>Д\О: «Сиқырлы шеңбер» модельдеп сипаттау.<br>Сергіту сәті:<br>Орнымыздан тұрып,<br>Қанатымызды жайып,<br>Ұшақ болып ұшып,<br>Суда жүйткіп жүзіп,<br>Кемелерді түзіп,<br>Жол тәртібін сақтап, Машинаға мінеміз.<br>Ұйымдастырылған оқу қызметін сұрақ жауап арқылы қорытындылау.<br>Сонымен біз нені білдік?<br>Түсінсеңдер бағдаршамның жасыл көзін, орташа түсінсеңдер сарыны, түсінбесеңдер қызыл көзді көрсетіңдер. | түрлері бар. Олар:<br>1. Әуеде ұшатын көліктер:<br>2. Суда жүзетін көліктер:<br>3. Жерде жүретін көліктер:<br>4. Темір жол көліктер:<br>Д\О: «Айырмашылығын тап»<br>Ұйымдастырылған оқу қызметін сұрақ жауап арқылы қорытындылау. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

Пәні: Қазақ тілі Самбетова А.Е

Пән мұғалімі: Ақпан айы: Жасампаздық пен жаңашылдық айы.

Жоспардың құрылу кезеңі: 10.02.2025 -13.02.2025ж.

«Жаңа істен жақсылық туады.»

| Апта күні | Дүйсенбі 10.02.2025ж | Бейсенбі 13.02.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары,<br>Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі<br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет**<br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **«Нешінші автобус?»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>Балалар біз бүгін оқу қызметіне автобуспен барамыз. Бип... Бип...<br>Тобымызға келдік столымызға орналасайық.<br>Көңілімізді көтеріп ортаға жиналайық.<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз.<br>Баршаңызды құрметтеп,<br>Бас иеміз біз.<br>Жарайсыңдар балалар, орындарымызға жайғасайық.<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілі. | **«Бағдаршам»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Балалармен амандасу:<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Ән әуенімен балалар екі-екіден автобус ішіндегі жолаушылар ал тәрбиеші қолына руль ұстап жүргізуші болып «жас жолаушылар жыры» әнін айтып топқа кіреді.<br>ән: «Жас жолаушылар жыры»<br>Сапар шексек сіз бен біз<br>Сан көлікке мінеміз<br>Троллейбус трамвай<br>Автобуспен жүреміз<br>қсы<br>Көлік, көлік, көлік<br>Көліктерге мінеміз<br>Көшелермен, көшелермен<br>Күнде тынбай жүреміз<br>қсы<br>Жол жүрудегі тәртібін<br>Ережесін білеміз |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Қыс мезгілінде күн қандай болады?<br>Суық, боран, қар жауады.<br>Балалар біз бүгін тобымызға немен келдік?<br>Автобуспен.<br>Нешінші автобуспен келдік?<br>Балалар мына жерде автобустар қиындысы берілген құрастырып көрейік. Автобустың бөліктерімен таныстыру.<br>Қаңқасы<br>Есігі<br>Терезесі<br>Төрт доңгелегі<br>Балалар мына жерде фетрамен түрлі ойындар берілген.<br>Автобусты құрастыр.<br>Лего ойыншығы арқылы автобус құрастыр.<br>Сергіту сәті:<br>Бала, бала, балақан,<br>Қане қайсы алақан.<br>Саусақтары әйбәт,<br>Былай былай ойнат.<br>Д\О: «Өз орнын тап»<br>Балалар біз қандай көлік құрастырдық?<br>Автобус.<br>Нешінші автобуспен балабақшаға келдік?<br>Жетінші.<br>Балаларды мадақтау. | Сақтағанда қатерден<br>Сау саламат жүреміз(Есік қағылып Бағдаршам келеді)<br>- Саламатсыңдар ма балалар? Мені танисыңдар ма?(Балалар жауабы)<br>- Дұрыс, мен Бағдаршам боламын Жол тәртібін реттеймін.<br>Менің қызыл көзім жанғанда<br>Сынық сүйем баспа алға,<br>Сары көзім жанғанда<br>Қарап қалма аспанға<br><br>Жасыл көзім жанғанда<br>Өте бер сен жасқанба!<br>Бағдаршам сұрағы:<br>- Сендер көшеде қай жолмен жүресіңдер?<br>- Жиек жолмен.<br>- Жолдың қай жағымен жүру керек?<br>- Ата-аналарыңмен, үлкендермен бірге автобусқа мінерде қай жерде отырып көлік күтесіңдер?<br>- Аялдамада отырамыз.<br>Өте жақсы .Бағдаршамның сұрағына жақсы жауап бердіңдер.<br>Сергіту сәті .(Бағдаршаммен бірге жасайды)<br>Қызыл жанады(қозғалмай тұрады)<br>Сары қол шапалақтайды)<br>Жасыл жанады (орында тұрып жүреді.<br>Соңында «Бағдаршам құрайық» ойынын ойнату. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі Самбетова А.Е
Пән мұғалімі: Ақпан айы: Жасампаздық пен жаңашылдық айы.
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.02.2025 -20.02.2025ж.
«Бүгінгі ой-ертеңгі жаңалық.»

| Апта күні | Дүйсенбі 17.02.2025ж | Бейсенбі 20.02.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары,<br>Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі<br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет**<br><br>**ҰІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **«Менде бар»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу іс-әрекетіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.<br>1. Мұғалім алдымен балалардың қолындағы суреттен жемісті (алманы) анықтайды.<br>2. «Менде алма бар» деген сөйлемдерді қайталайды.<br>3.Алманың санын анықтағаннан кейін | **«Мамандықтар»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Балалармен амандасу:<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз<br>Құрметпенен сіздерге,<br>Бас иеміз біз.<br>***Тәрбиеші***:<br>Тәуелсіз мына заманда,<br>Сұраныс көп маманға.<br>Нағыз маман пайдалы,<br>Мемлекет, қоғам, адамға – деп бүгінгі іс-әрекетімізді бастаймыз.<br>***Ұйымдастыру кезеңі***: Суретпен жұмыс. Сурет бойынша әңгімелету.<br>Бұл аспаз. Аспаз – ең басты мамандықтың бірі.<br>Безендіріп үстелді,<br>Тәтті тамақ пісірер.<br>Аспаз дәмді тамақтың қаншама түрін пісіреді. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | аз,көп,үлкен,кіші екенін айтады.<br>-Алма тәтті ме?Алма қышқыл ма?<br>**Сергіту сәті:**<br>4.Балалар деген сұраққа жауап бергенде,олардың сөйлем құрылымын дұрыс сақтауына көңіл бөлінеді.<br>Тіл дамыту.<br>Апорт деген алманың,<br>Таттың ба сен бал дәмін?<br>Апорт деген тәтті алма<br>Өседі ол бақтарда.<br>***Қорытындылау:***<br>Мұғалім балалармен оқу іс-әрекеті барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін қорытындылайды. | Бұл құрлысшы. Зәулім үйлерді, біздің балабақшамызды салған кісілерді құрылысшылар дейміз.<br>Бұл дәрігер. Дәрігер адамдарды емдейді, дәрі беріп, укол салып жазады.<br>Бұл тігінші. Тігінші адамдарға әдімі етіп киім тігіп береді сондықтан біз үнемі әдемі болып жүреміз.<br>Бұл адамдардың барлығын бір сөзбен айтқанда «**мамандық иелері**» дейміз<br>***Дидактикалық ойын: «Кім жылдам»***<br>Үстел үстіне түрлі мамандық иелеріне қажетті құралдарды қойып, төрт баланы шығарамын, төрт баланы төрт түрлі мамандық иесіне бөлемін, ойын шартын түсіндіремін. Төрт бала өзіне қажетті құралдарды тез – тез бөліп алады. Алған құралдарымен не істеуге болтындығын айтады және өскенде сол маман иесі болғысы келетіндігін айтады. (шаштараз, дәрігер, мұғалім, аспаз)<br>***Сергіту сәті:***<br>Іш ауырса, тіс ауырса,<br>Мамам дәрі береді.<br>Барлық бала, барлық адам,<br>Оны жақсы көреді.<br>***Дидактикалық ойын: «Ойлан тап»***<br>Тақтаға маман иелерінің суреттері ілінеді. Ойын шарты әр мамандықтың қызметіне сай анықтау.<br>***Қорытынды: Сұрақ – жауап:*** |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы МКҚК N1«Күншуақ» МДҰ
Пәні: Қазақ тілі Самбетова А.Е
Пән мұғалімі: Ақпан айы: Жасампаздық пен жаңашылдық айы.
Жоспардың құрылу кезеңі: 23.02.2025 -27.02.2025ж
«Еңбек түбі зейнет.»

| Апта күні | Дүйсенбі 23.02.2025ж | Бейсенбі 26.02.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары,<br>Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Ән ұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс-әрекет**<br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **«Мен тәрбиеші болғым келеді»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Ән ұран айту.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Жарқын,жарқын үніміз,<br>Болашақтың күніміз.<br>Балабақша үйінің,<br>Жайнап тұрған гүліміз!<br><br>Тәрбиеші балаларға үлкен хатқалтаны көрсетеді .<br>- Балалар, бізге «Мамандықтар қаласынан» хат келіпті.<br>Тыңдаңдар.<br>«Құрметті балалар,біздің шеберлер қаласында мамандық түрлері өте көп, сендер өскенде | **«Дәрігерде»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Балалармен амандасу:<br>Ән ұран айту.<br>Жылулық шеңбері. Қонақтармен амандасу.<br><br>Үлкенге де Сіз<br>Кішіге де Сіз<br>Құрметпенен сіздерге<br>Бас иеміз біз. (Бас иеді).<br><br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге.<br>Ұйымдастыру-іздестіру<br>Тәуелсіз мына заманда,<br>Сұраныс көп маманға. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | әрқайсысың бір мамандық иесі боласыңдар.<br>Әзірше сендер кішкентайсыңдар, сондықтан мен сендерді мамандықтар қаласына қонаққа шақырамын» .<br><br>–Балалар,бұл қалаға бару үшін бізге сиқырлы кілем керек. Өйткені біз өзен-көл,тау мен ормандардың үстінен ұшып өтеміз.<br>Мамандық (профессия)-адамның белгілі бір саладағы еңбегі.<br>Мысалы, тіс дәрігері т.б..<br>Сиқырлы кілемшеге отырып, музыкамен мамандықтар қаласына жол тартады.<br>(Тақтаға әртүрлі мамандықтар суреті ілінеді).<br>- Бұл қалада әртүрлі мамандық иелері тұрады.<br>Аспаз - ең басты мамандықтардың бірі.<br>Безендіріп үстелді,<br>Тәтті тамақ пісірер.<br>Аспаз дәмді тамақтың қаншама түрін пісіреді.<br>Сендерге қандай тамақ түрлері ұнайды?<br>**Сөздік жұмыс:** мамандық.<br>**Билингвальді компонент:** мамандық-профессия, аспаз-повар, жүргізуші - водитель, құрылысшы-строитель. | Нағыз маман пайдалы,<br>Мемлекет, қоғам, адамға – деп бүгінгі оқу іс-әрекетімізді бастаймыз.<br>Балалар қазір Жылдың қай мезгілі?<br>Көктем мезгілінде Неше ай бар?<br>Балалар, бүгінгі ашық оқу іс — әрекетіміздің тақырыбы «Мамандықтың бәрі жақсы» деп аталады.<br>Біз бүгін мамандық иелері туралы өтеміз.<br>Барлық мамандар өмірде өте қажет екен.<br>Балалар сендер балабақшада күнде қандай мамандық иелерімен кездесесіңдер?<br>Директор, тәрбиеші, т.көмекшісі, медбике, аспазшы.<br><br>Балалар олай болса жұмбақ шешіп,<br>-Сендердің кім болғыларың келетіндігін мен жазып алып, «Арман гүліне» іліп қоямын.<br><br>Жұмбақтар шешу.<br><br>1) Мектептің жүрегі , білімнің тірегі. ( Мұғалім)<br>— Өте жақсы, олай болса бүгін бізде Гүлім мұғалім болады.<br>Жақсы оқып сабақты<br>Білім алып толамын<br>Бөбектерді оқытар<br>Мен мұғалім боламын!<br>(Гүлім мұғалім болып, балалармен әңгімелеседі)<br><br>2) Сауықтырар сырқатты , жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер)<br>— Өте жақсы, Зере бізде дәрігер болады.<br>Кішкене әлі баламын,<br>Таудай болар талабым.<br>Ақ халатты абзал жан,<br>Мен дәрігер боламын. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті.**<br>Ұшқыш болып ұшайық,<br>Тігіншіге ұқсайық.<br>Дөңгеленіп би билеп,<br>Бишілерге ұқсайық.<br><br>- Мамандықтар қаласында аурухана бар. Ауруханада дәрігерлер жұмыс жасайды. ауру адамдарды емдейді.<br>- Міне, мамандықтар қаласынан қаншама мамандық түрлерімен таныстық. Өздерің өскен кезде тағы да көптеген мамандықтар туралы біліп, өздеріңе қажеттісін таңдайсыңдар.<br>**Дидактикалық ойыны.**<br>**«Кім болам?»**<br>**Шарты:** Балалар өздері қалаған мамандық иелерінің суреттерін көрсетіп, ол жайында әңгімелеп береді.<br>**Қорытындылау:**<br>**Жұмбақтар шешіп көрейік.**<br>- Ішті де, тісті де емдейтін кімдер?<br>- Тәп-тәтті тамағы, астардың маманы?<br>- Кірпіштен, бетоннан үй тұрғызған кім?<br>- Әдемі көйлек тіктім, шебер болып шықтым?<br>- Қай мамандық сендерге ұнады?<br>- Өскенде кім болғыларың келеді? . | — Балалар қанеки Айдарбек-Данияр бала шығып, дәрігеріміз Зереден ем қабылдайық.<br><br>3) Тікті әсем киімді, Дүкенге әкеп ілінді.(Тігінші)<br>Тігінші қызымыз Жәудірді шақырайық:<br>Өрнектетіп, сәндетіп<br>Тігістерін бүгетін<br>Тігінші болам мен ертең.<br>Киім — кешек тігетін!<br>— Балалар мен Жәудірге өзімнің бет орамалымды тіктіргім келіп тұр.( тігін машинасымен іс тігіп балаларга көрсетеді)<br>— Біздің балаларымыз қандай өнерлі.<br>4) Тыныштығын Отанның,<br>Күзететін адам кім?<br>(Солдат)<br>Біздің арамызда ел қорғаны болам деп Асхат, Днас, Айдын бар екен.<br>Олай болса ұландарымызды шақырайық:<br>Бір, екі, үш<br>Бойға жинап күш<br>Шынығамын таңертең<br>Ағалардай Отанға<br>Солдат болам мен ертең!<br>5) Тәртіп заңды сақтайды, ел сенімін ақтайды (полиция) Нұрасыл<br>Алатаяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>Мен полиция боламын<br>6)Тәп тәтті тамағы, тамақтың маманы(Аспазшы)<br>Біздің бүгінгі аспазымыз Жазира – Зере2<br>Жазира: Дәмді тамақ пісіріп<br>Өнерлі бала боламын |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | Халқым сүйген ардақты<br>Мен аспазшы боламын.<br><br>Зере2: Унас сегодня в группе<br>Будет новая игра<br>Все девчонки – поварихи<br>А мальчишки – повара<br><br>Зере2 бала шығып компотты дайындайтын жемістерді жинайды<br>Жазира салат дайындайтын көкеністерді жинайды<br>Аспазымыздың қолынан дәм татайық.<br><br>Сергіту сәті: Жаттығу биі.<br>Дидактикалық ойын: «Кім жылдам»<br>Үстел үстіне түрлі мамандық иелеріне қажетті құралдарды қойып, төрт баланы шығарамын, төрт баланы төрт түрлі мамандық иесіне бөлемін, ойын шартын түсіндіремін. Төрт бала өзіне қажетті құралдарды тез – тез кескін суреттерді құрастырып алады. Алған құралдарымен не істеуге болтындығын айтады және өскенде сол маман иесі болғысы келетіндігін айтады.<br>ТАҚПАҚТАР<br>Тұрақбай (ғарышкер)<br>Көкке ұшамын —<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңына ерем<br>Ер ғарышкер ағаның<br><br>Алихан (шаштараз)<br>Сән үлгісін қиятын<br>Шаштараз болам жолына<br>Түрлі — түсті шаш қиып<br>Қызмет етем халқыма. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

Пәні: Қазақ тілі Самбетова А.Е

Пән мұғалімі: Наурыз айы: Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Жоспардың құрылу кезеңі: 03.03.2025 -06.03.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 03.03.2025ж | Бейсенбі 06.03.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары,<br>Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Ән ұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br><br><br><br><br><br><br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **«Көктем»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Күлкімізді күн қылып,<br>Гүл өссін деп тілейік.<br>(қимылымен көрсету).<br><br>Балалар марш әуенімен дөңгелене залға кіріп тұрады. Қонақтармен амандасады. Жаттығу әнін айтып, жаттығулар жасау (денелерін ширату мақсатында).<br><br>2. Жыл мезгілдерін сұрау, жыл мезгілдерінің ерекшеліктеріне тоқталу.<br>Ән айтпас бұрын (тамақ жібіту) дауыс жаттығуларын жасату. Слайд арқылы әтештің суретін көрсету.<br>А) до – до – до; ру – ру – ру; | **«Наурыз мерекесі»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Балалармен амандасу:<br>Әнұран айту.<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем.<br>- Көктем мезгілінің қай айы?<br>- Наурыз.<br>- Дұрыс айтасыңдар балалар,қазір көктем мезгілінің наурыз айы.<br>- Көктем мезгілі үш айдан тұрады.<br>- Олар Наурыз,Сәуір,Мамыр.<br>Ай аттарын балалар бірге қайталайды.<br>- Көктем мезгілінде табиғат қандай өзгеріске ұшырайды? |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | - Балалар, әтеш қалай шақырады? Слайд арқылы құстың суретін көрсету. Балалар: ку-ка-ре-ку..<br>- Құстар қалай сайрайды?<br>- Чик-чирик, чик-чирик..<br><br>II. Негізгі бөлім.<br>**Көктем** туралы жұмбақтар қойылады, балалар жұмбақтың шешуін табады. **Көктем** мезгілі туралы түсіндіру, ерекшеліктеріне тоқталу. «Төлдер» әні.<br><br>**Көктем** мезгілін көрнекілігімен көрсету. Құстардың дыбысын тыңдату. Жаңа әнмен таныстыру, әуенімен таныстыру. Шумағымен, әуенімен айтып көру.<br><br>Сергіту сәті:<br>Шомылып нұрға атырап,<br>Ағаштар жайды жапырақ.<br>Далаға бірден таралды,<br>Гүлдерден жұпар шашырап.<br><br>Таңғажайып сәт. Бәйшешек кіреді.<br>- Мен **көктемнің** алғашқы гүлі – бәйшешекпін. Менің достарым жоқ. Мына жерден сендердің ән айтып, көңілденген дауыстарыңды естіп келдім. Сендер менімен дос боласыңдар ма?<br>- Иә!<br>Жүргізуші: Онда бізбен бірге болып, балалардың өнерін тамашала.<br>Бәйшешек: Ендеше мен бір би ала келдім, менімен қосылып биleңдер балалар. «Гүлдер» биі. (қыздар билейді).<br>Бәйшешек: Жарайсыңдар, қыздар! Енді мен сендерге | - Көктемде қар еріп,күн жылынады,ағаштар бүршік жарып алғашқы гүл –бәйшешек шығады.<br><br>Көктемде үлкендердің көмегімен балабақша ауласында гүл егеміз,ағаштардың түптерін қопсытамыз.Көктем мезгілінің Наурыз айы адамдардың асыға күтетін мерекелерінің бірі.Бұрынғы кездің адамдары қыстан аман-есен өтіп,көктем мезгілінде қауышады екен.<br><br>Сондықтан Наурыз жыл басы деп аталады.Бұл күні барлық адамдар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді..Бір-біріне «Ұлыс оң болсын,ақ мол болсын» деген тілектер айтады.Араз адамдар бір-біріне деген өкпесін ұмытып,бірін-бірі кешіреді.<br><br>Суретпен жұмыс.<br><br>- Балалар қараңдаршы,адамдар Наурыз мерекесін қарсы алып жатыр.<br><br>- Көптеген ағаш үйлер тігіліп,мереке тойланып жатыр.Бірнеше ұлттық ойындар ойнатылып,қазақ халқының ұлттық тағамдарының бірі-Наурызкөже пісіріліп жатыр.<br><br>- Балалар Наурызкөжені 7 түрлі тағамнан дайындайды.<br><br>«Наурыз мерекесінде үйге қаншама адамдар келіп,наурызкөжеден дәм татса,үй иесіне соншама жақсылық келеді» деген ниетпен адамдар бір-бірін қонаққа шақырады.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Тербеледі ағаштар,<br><br>Алдымнан жел еседі.<br><br>Кіп-кішкентай ағаштар<br><br>Біп-биік боп өседі.<br><br>(Мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жасайды).<br><br>**Ойын: «Көкөніс пен жемістер»**<br>Шарты:Балалар көкөніс пен жеміс аттарын жаңылмай айтып шығуы тиіс. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | жұмбақ жасырайын:<br>Айтқаныңды қайталайды,<br>Өзі бірақ айта алмайды. (жаңғырық)<br><br>Әуенді – дидактикалық ойын.<br>(есту қабілетін тексеру үшін).<br>Тайтұяқты соғады, балалар қайталайды. 2-3 рет, ұзақ – қысқа дыбыстарды тайтұяқ арқылы соғып көрсетеді, балалар қайталайды.<br><br>Ұлттық ойын: «Бұқа тартыс».<br>Төрт орындық қойылып, балалар қолдарындағы тулақты төрт бұрышынан ұстайды. Ең бірінші тартып, орнына отырған бала жеңімпаз атанады. Жылдамдық, шапшаңдықтарын тексеру мақсатында ойналады. | Балалар бірігіп ойнайды.<br><br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br><br>Ағаш жапырақтарын ретімен қалай жапсыру керектігін түсіндіреді.<br><br>- Көктемде қандай өзгерістер болады?<br><br>- Қар ериді.<br><br>- Қандай мереке тойлаймыз?<br><br>- Наурыз мерекесін.<br><br>- Наурызкөже неше түрлі тағамнан дайындалады?<br><br>- Жеті.<br><br>Оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

Пәні: Қазақ тілі Самбетова А.Е

Пән мұғалімі: Наурыз айы: Тәуелсіздік және отаншылдық айы

Жоспардың құрылу кезеңі: 10.03.2025 -13.03.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 10.03.2025ж | | Бейсенбі 13.03.2025ж |
|---|---|---|---|
| Топтары, Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | | |
| ҰІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br>**ҰІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **«Наурыз мерекесі»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>Балаларға наурыз туралы түсінік беру. Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал,Наурыз қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Балалр наурыз мейрамында қандай ұлттық тағамдарды пайдаланамыз естеріңде ме?<br>Балалар: Иә, бауырсақ, қазы, ірмішік, наурыз көже, шұбат.<br>Мұғалім: Дұрыс айтасыңдар. Д\О: «Не жоқ?» | **«Тағамдар»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Балалармен амандасу:<br>Әнұран айту.<br>Балаларға ұлттық тағамдар туралы түсіндіре отырып, олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндіру.<br><br>Шаттық шеңбері:<br><br>Салтын сүйген баламыз,<br><br>Жұлдыздардай жанамыз.<br><br>Ұлттың асын ардақтап,<br><br>Үйрену жолын табамыз.<br><br>Балалар қазақтың мынадай ұлттық тағамдары бар. Наурыз көже, бауырсақ, бешбармақ, ірмішік. Олардың әр түрлі жасалу жолдары бар. | |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар: Иә, бауырсақ, қазы, ірмішік, наурыз көже, щұбат.<br>Мұғалім: Дұрыс айтасыңдар. Д\О: «Не жоқ?»<br>Мұғалім: Олай болса Ұлттық ойындар туралы ой қозғаймыз. Қазақтың мынадай ұлттық ойындары бар Наурыз мерекесі қарсаңында ойнатылыды. Арқан тарту, Қыз қуу, Алтыбақан, Асық ату, Хан талапай, Аударыспақ, Күрес.<br>Д\О: «Асықты түстеріне сәйкес жина»<br>Күй: «Еркесылқым»<br>Балалрға наурыз туралы тақпақ жаттату.<br>Наурыз тойы әдемі,<br>Әжем еске түсірді.<br>Біздерге арнап әдемі,<br>Наурыз көже пісірді.<br>Сергіту сәті:<br>Олай болса балалар наурыз көже ішіп, ұлттық ойындар ойнап әжеміздің аулына барып қайтайық.<br>Сабақты кроытындылау. | Д\О: «Дәмін көр де атын ата»<br>Сергіту сәті:<br>Күй «Шалқыма»<br>Тіл дамыту: Тағамдар туралы тақпақтар.<br>Әрі дәрі, әрі ас,<br>Жегендердің бәрі мәз,<br>Қазақтың жүрген жерінде,<br>Тұрады ол дәйім төрінде.<br>Құрт туралы.<br>Таңқалтып талай жұртты,<br>Жасйтұғын құртты,<br>Тек біздің қазақ ұлты.<br>Балаларды мадақтап, сабақты қорытындылау. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| Жасы | | |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар**<br><br>**Балалармен жеке жұмыс** | **«Тағамдар»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>Қайырлы таң достым!<br>Қайырлы күн болсын,<br>Аптаның әр күні сәттілікке толсын!<br>Балалар бүгін біздер ұлттық тағамдардың қалай жасалатынын, қайдан алынатынын білетін боламыз.<br>Мұғалім: Бешбармақты малдың сойған етін тұздап кептіріп асамыз, оған қазықарта қосамыз.<br>Құртты сүтті уаймағынан ажыратып, айран жасаймыз, сүзбе етіп сүзіп одан құрт дайындаймыз.<br>Д\О: «Дәмін татып атын ата»<br>Тақпақ: Қымыз.<br>Күбіге піскен қымызым,<br>Бұрқыраған иісі.<br>Мұрныңнан кетпес күн ұзын.<br><br>Күй «Балбырауын»<br>Сергіту сәті: «Қара жорға»<br>Балаларға дастарханға бата беруді үйрету.<br>Дастарханымызға береке берсін,<br>Бастарымызға мереке берсін,<br>Астарымызға адалдық берсін,<br>Елімізге амандық берсін. (Әмин) | **« Ұлттық ыдыстар»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Балалармен амандасу:<br>Әнұран айту.<br>**1.Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Әр ыдысқа жеке жұмбақ жасыру арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту.<br>Басқа қандай ыдыстарды білеміз?<br>**2.Ой қозғау.**<br>**Ыдыстар туралы түсінік беру.**<br>Ыдыстар не үшін қажет?<br>Ыдыстар неден жасалады?<br>Ыдыстардың бір – бірінен айырмашылығы неде?<br>Ыдыстардың түрлерімен<br>таныстыру.<br>**Сергіту сәті**<br><br>**3.Ой дамыту**<br>**Сурет бойынша әңгіме.**<br>Сұрақ-жауап.<br>Бұл не?<br>Бұл зат қандай материалдан жасалған?<br>Кімдер жасайды?<br>Түсі,пішіні қандай?<br>т.б.<br>Жұмбақ шешуге қызығушылық таныту |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мұрнынан кетпес күн ұзын.<br><br>Күй «Балбырауын»<br>Сергіту сәті: «Қара жорға»<br>Балаларға дастарханға бата беруді үйрету.<br>Дастарханымызға береке берсін,<br>Бастарымызға мереке берсін,<br>Астарымызға адалдық берсін,<br>Елімізге амандық берсін. (Әмин) | **3.Ой дамыту**<br>**Сурет бойынша әңгіме.**<br>Сұрақ-жауап.<br>Бұл не?<br>Бұл зат қандай материалдан жасалған?<br>Кімдер жасайды?<br>Түсі,пішіні қандай?<br>т.б.<br>Жұмбақ шешуге қызығушылық таныту<br><br>Ыдыстар туралы өз ойларын айту.<br><br>Қойылған сұрақтарға толық жауап бере білу.<br><br>Суретке қарап әңгіме құрастыра білу.<br><br>Сұрақтарға дұрыс нақты жауап беру.<br>**Жұмбақтар.**<br>Сыртын отқа қақтайды,<br>Одан басқа жақпайды<br>**(қазан)**<br>Басы құдық,<br>Сабы сырық. **(ожау)**<br>Сабы бар, Басы шатыр<br>Табысын өлшеп әкеп,<br>Құдыққа тасып жатыр. **(қасық)**<br><br>**Сөздік жұмыс:**<br>ағаш,шыны,кесе,<br>табақ,тостаған,<br>қасық,шанышқы,<br>қазан,ожау т.б. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі
Пән мұғалімі:     Наурыз айы:  Тәуелсіздік және отаншылдық айы
Жоспардың құрылу кезеңі: 17.03.2025 -21.03.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 17.03.2025ж | Бейсенбі 21.03.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары, Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапагн» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу» Ата-аналар пікірі Ән ұран айту. «Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарга арналган бейне жазба | |
| ҰІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br>**ҰІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **«Тағамдар»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Ән ұран айту.<br>Қайырлы таң достым!<br>Қайырлы күн болсын,<br>Аптаның әр күні сәттілікке толсын!<br>Балалар бүгін біздер ұлттық тағамдардың қалай жасалатынын, қайдан алынатынын білетін боламыз.<br>Мұғалім: Бешбармақты малдың сойған етін тұздап кептіріп асамыз, оған қазықарта қосамыз.<br>Құртты сүтті уаймағынан ажыратып, айран жасаймыз, сүзбе етіп сүзіп одан құрт дайындаймыз.<br>Д\О: «Дәмін татып атын ата»<br>Тақпақ: Қымыз.<br>Күбіге піскен қымызым,<br>Бұрқыраған иісі.<br>Мұрныңнан кетпес күн ұзын. | **« Ұлттық ыдыстар»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Балалармен амандасу:<br>Ән ұран айту.<br>**1.Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Әр ыдысқа жеке жұмбақ жасыру арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту.<br>Басқа қандай ыдыстарды білеміз?<br>**2.Ой қозғау.**<br>**Ыдыстар туралы түсінік беру.**<br>Ыдыстар не үшін қажет?<br>Ыдыстар неден жасалады?<br>Ыдыстардың бір – бірінен айырмашылығы неде?<br>Ыдыстардың түрлерімен таныстыру.<br>**Сергіту сәті**<br><br>**3.Ой дамыту**<br>**Сурет бойынша әңгіме.** |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Күй «Балбырауын»<br>Сергіту сәті: «Қара жорға»<br>Балаларға дастарханға бата беруді үйрету.<br>Дастарханымызға береке берсін,<br>Бастарымызға мереке берсін,<br>Астарымызға адалдық берсін,<br>Елімізге амандық берсін. (Әмин) | Сұрақ-жауап.<br>Бұл не?<br>Бұл зат қандай материалдан жасалған?<br>Кімдер жасайды?<br>Түсі,пішіні қандай?<br>т.б.<br>Жұмбақ шешуге қызығушылық таныту<br><br>Ыдыстар туралы өз ойларын айту.<br><br>Қойылған сұрақтарға толық жауап бере білу.<br><br>Суретке қарап әңгіме құрастыра білу.<br><br>Сұрақтарға дұрыс нақты жауап беру.<br>**Жұмбақтар.**<br>Сыртын отқа қақтайды,<br>Одан басқа жақпайды<br>**(қазан)**<br>Басы құдық,<br>Сабы сырық. **(ожау)**<br>Сабы бар, Басы шатыр<br>Табысын өлшеп әкеп,<br>Құдыққа тасып жатыр. **(қасық)**<br><br>**Сөздік жұмыс:**<br>ағаш,шыны,кесе,<br>табақ,тостаған,<br>қасық,шанышқы,<br>қазан,ожау т.б. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі Апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық, жаны жоқ тәнмен тең»
Пән мұғалімі: Наурыз айы: Тәуелсіздік және отаншылдық айы
Жоспардың құрылу кезеңі: 24.03.2025 -27.03.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 24.03.2025ж | Бейсенбі 27.03.2025 |
|---|---|---|
| Топтары, Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҰІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br>**ҰІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **«Ұлттық тағамдар»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>. -Балалар мынаған қараңдаршы, мынау не ?- автобус.<br>Зейіндерін автобусқа аудару.<br>• Бұл автобус.<br>• Дұрыс. Біз бүгін осы автобуспен дүкенге саяхатқа барамыз.<br>• Кәне балалар барлығымыз автобусқа отырайық. Барлықтарың отырыңдар.<br>• Балаларға қауіпсіздік ережесін түсіндіру.Балалар орындарыңнан тұрмаңдар, әйтпесе құлап қаласыңдар. | **« Ішемін -жеймін»**<br>**Қарым-қатынас:**<br>Балалармен амандасу:<br>Әнұран айту.<br>Мотивациялық қозғаушылық<br>Шаттық шеңбері:<br>Алақанды ашайық,<br>Күннің нұрын салайық.<br>Таза ауаны жұтайық,<br>Жүрекке жылу сыйлайық.<br>- Балалар, бүгін бізге<br>қонаққа аспазшы апай қонаққа келді. Аспазшы бізге тамақтың иісіне, түсіне қарап ажыратуды және дәрумендердің пайдасы туралы әңгімелеп береді.<br><br>Ұйымдастырушылық – ізденістік - Балалар, |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Автобус жүрген кезде , автобустың ішінде жүруге болмайды. Ал балалар мен автобусты тоқтатамын. Біз дүкенге келдік. Автобустан абайлап түсіңдер.<br><br>Наурыз-тақпақ<br><br>• Балалар біз ұлттық тағамдар сататын дүкенге келдік.<br><br>Жылдың басы Наурыз,<br><br>Жердің басы Наурыз<br><br>Мерекеге арналсын<br><br>Бүгінгі жыр әніміз<br><br>-Қараңдаршы – қандай түрлі, түрлі , қазақтың ұлттық тағамдары бар дүкенде.<br><br>Қазір бізге дүкеннің сатушысы Анар апай, тағамдардың түрлерін көрсетеді және тағамдар туралы айтып береді. Тағамдардың түрлерімен таныстырады.<br><br>**Ойын:** «Не бар, не жоқ». Қайсы тағам жоқ қайсы тағам бар екенін айтып түсіндіру. Балаларды столда тұрған тағамдардың барлығын естеріне сақтау барысында, зейіндерін тағамдарға аудару. Тағамдардың әр қайсысын көрсетіп, атап айту. Сол сәтте балалар көздерін жұмады. Көздерін ашқызып балаларға сұрақ қою. Не бар, не жоқ Қайсы тағам жоқ екенін анықтаймыз. Содан кейін қандай тағам барын анықтаймыз. Тағамның ерекшеліктерін атап айту.<br><br>Күй: «Еркесылқым»<br><br>**«Қанталапайдан – асық жинау».** | - Азық – түлікке нелер жатады?<br>- Балалар, азық – түліктерді түсіне, дәміне, иісіне қарап ажыратамыз.<br>- Азық – түлік түрлеріне ұннан жасалған тағамдар, ботқалар, кеспе жатады. Тамақтарды ішпестен бұрын оның дәмін, иісін иіскеп қарап ішу керек. Егерде тамақтан жағымсыз иіс шығып, дәмі біртүрлі болса ішпеген жөн. Ондай тамақтардан уланып қалуларың мүмкін.<br><br>- Ал, дәрумендер дегеніміз – тамақтың құрамында болатын, адам ағзасына өте маңызы бар заттар. Дәрумендер әсіресе жемістердің құрамында өте көп болады. Сондықтан күнделікті тамақта жемістерді көп пайдалану керек. Және оларды мұқият жуып жеген жөн. Дәрумендер адам ағзасына өте пайдалы. А, С, В, Д, Е дәрумендері болады.<br>Сергіту сәті:<br>Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алап қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар.<br>Дидактикалық ойын:<br>«Дәмін ажырат»<br>Мақсаты: балаларға тағам түрлерін дәміне қарай ажыратуға үйрету.<br>Ойын шарты: Көздерін жұмып, тағам түрлерін дәмін тату арқылы ажыратады.<br><br>Рефлексифті – түзетушілік<br>- Балалар бүгін немен таныстық? |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | **Ойын шарты :** Балаларды екі топқа бөлу, қай топ шапшаң екендігін анықтау<br><br>**Қорытынды: 1**. Балалар бүгін біз қайда саяхатқа бардық?<br>2. Ол дүкенде қандай тағамдар сатылады?<br>3. Ұлттық тағамдарды атап айт<br>4. Қандай ойындар ойнадық?<br><br>**Мадақтау**: Жарайсыңдар балалар, сендер сабаққа өте жақсы қатыстыңдар | - Бізге қонаққа келді?<br>- Аспазшы апайға рахмет айтып шығарып салу.<br><br>Күтілетін нәтиже:<br>Біледі: Азық – түлік, дәрумендер сөздерімен танысады;<br>Игереді: Тағам түрлерін игереді;<br>Меңгереді: Дәрумендердің пайдасын меңгереді. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі  Апта дәйек сөзі: «Еңбек қуаныш, жалқаулық айрылмас азап»
Пән мұғалімі: Сәуір айы:  Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік  айы
Жоспардың құрылу кезеңі: 31.03.2025 - 03.04.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 31.03.2025ж | | Бейсенбі  03.04.2025ж |
|---|---|---|---|
| Топтары,<br>Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | | |
| ҰІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br><br><br><br><br><br><br>**ҰІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Жиһаздар»<br>Балаларды ортаға жинақтап, жұмбақ жасырамын.<br>Үйге қажет бәрі де,<br>Киім іліп қойғанға,<br>Шкаф қажет әрине,<br>Тамақтарды қоятын.<br>Үстел керек әрине,<br>Үстелге кеп отыратын,<br>Орындық керек әрине.<br>Бұларды біз бір сөзбен не деп айтар едік. (Жиһаздар)<br>Күй әуенімен (Кішкентай) сандық ашылады, ішінен ойыншық жиһаздар шығады. | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Неше орындық?»<br>Тақырыбы: Орындық<br>Мақсаты: Балаларды балабақшадағы орындықтармен таныстыру. Орындықты сипаттау,пайдасын айту. Тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, орындықтың құрылысын анықтау . Топтағы жиһаздарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br>Қажетті құрал жабдықтар: Орындықтың,балалардың суреттері,үлестірмелі суреттер<br>Сөздік жұмыс: орындық<br><br>І.Шаттық шеңбер<br><br>Қуанамын мен де,<br><br>Қуанасың сен де. | |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар бұл жиһаздар ғой. Есік қағылып қонжық кіреді. Амандасады, мен кішкентай қонжықпын мен іннің ішінде тұрамын. Ал, сендер қандай үйде тұрасыңдар? Ал, үйлеріңде, бөлмелеріңде не бар?<br>Бөлменің суреттері көрсетіледі.<br>Қонжық: Ал, менің інімде ешқандай жиһаздар жоқ.<br>Балалар қонжықпен бірге жиһаздардың аттарын атап үйренейік. Ол үшін жұмбак жасырамын шешуін табасыңдар.<br>Төрт аяғы болса да,<br>Етік киіп көрмеген,<br>Жалқаулығы соншама,<br>Аттап шықпас бөлмеден. (Үстел)<br>Кеш батты шаршадың сен,<br>Ұйқың келді.<br>Ұйқы бөлмеде күтіп тұр сені. (Керует)<br>Ал, біздің тобымызда қандай жиһаздар бар?<br>Шкаф, керует, сөре, орындық, үстел.<br>Үстел туралы тақпақ жаттату.<br>Сяду ка за стол -үстел,<br>Я на стульчик орындық,<br>Потому что рисовать,<br>На стульчике привык.<br>Балаларды мадақтау, қоштасу. | Қуанайық достарым,<br><br>Арайлап атқан күнге<br><br>Балалар тәрбиешімен бірге сәлемдесіп, жылы тілектерін айтады.<br><br>-Балалар, сендер бүгін таңертең тұрып қайда келдіңдер?<br><br>Сендерге балабақшада ұнай ма?<br><br>Балабақшаға келгенде қайда отырасыңдар?<br><br>Балабақша құралдарымен таныстыру. Балалар, мынау біздің тобымыздың бөлмесі. Бөлмеміз жарық, әрі кең. Топта сендерге арналған көп ойыншықтар бар.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>Кәне, қанат жазайық<br><br>Қарлығаш боп ұшайық<br><br>Ұшып, ұшып алайық<br><br>Орнымызға қонайық.<br><br>Қорытынды |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі  Апта дәйек сөзі: «Еңбек қуаныш, жалқаулық айрылмас азап.»
Пән мұғалімі: Самбетова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі: 7.04.2025 - 10.04.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 7.04.2025ж | Бейсенбі 10.04.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары, Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Нешінші орындық?»<br>Мотивациялық – қозғаушылық Балалармен амандасады. Өздерінің тобын мақтауды ұсынады.<br><br>Әдемі үйдің макетін көрсетіп, онда кімдер тұратынын білуге шақырады.<br>Әркімнің қандай үйде тұратынын біледі.<br>Сәлемдеседі. Орындарынан тұрып:<br>Алақай!Алақай!<br>Қуанады балақай!<br>Біздің үй – үлкен үй.<br>Біздің терезе, анау тұрған кебеже<br>Біздің кілем, әдемі ғой білем.<br>Мынау — теледидар<br>Мынау – үстел, | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Қайда?»<br>Ұйымдастыру кезеңі 1.Балалар бір біріміздің көңілімізді көтердік , ал енді айта қойыңдаршы қазір қай жыл мезгілі?<br>2.Күз айларын атаңдар<br>3.Күз айларының ерекшеліктері<br><br>4.Күз туралы кім өлең тақпақ біледі Балалар жауабы Күз<br>Қыркүйек, қазан, қараша<br>Суретпен жұмыс<br>Балалар жауабы.<br><br>Жаңа сабақ Есікті тақылдатып Буратино көңілсіз болып келеді, қолында жасанды гүл және күнбағыс бар.<br><br>Тәрбиеші: Балалар мынау кім? |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мынау – орындық<br>Келіп оған отырдық — деп айтады.<br>Балалар отбасы тақырыбы бойынша сөздерді айтады.<br>2-3 бала өз үйлері туралы айтады.<br>Ұйымдастырушылық – іздеушілік<br><br>Үйдің макетін көрсете отырып, жаңа сөздерді меңгертеді.<br>Келесі сұрақтарға жауап беруді қалыптастырады:<br>-Балалар, мынау не?<br>-Үй қандай?<br><br>Сергіту сәті. Тамшы туралы немесе күз туралы өлеңді қимыл-қозғалыс арқылы айтуларын өтінеді.<br><br>Тілдік жаттығу:<br>Үй-үй — үлкен үй<br>Ға-ға – биік қабырға<br>Зе-зе – таза терезе<br>Ік-ік-үлкен есік.<br><br>«Үйде кім бар (жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау — үй. Үй – үлкен, биік т.б.<br><br>Балалар орындарынан тұрып, бой сергіту жаттығуын өлең сөзіне сәйкес көрсетіп | Буратино сен неге көңілсізсің, саған не болды Балалар таң қалады.<br>Буратино<br>Әңгімелесу және сұрақ - жауап Буратино: Мен кішкентай балаларға жақсы бір іс жасайын деп едім , қолымнан келмеді, топтарына әдемі, сәнді, таза ауа болсын деп гүл сыйлаған едім. Ол топтың тәрбиешісі маған: Буратино саған көп рахмет сен бұл жасаны гүлдерді қай дүкенен алдың деді. Мен таң қалып тұрмын, неге жасанды, олардың жапырақтары жасыл, сабағы да жасыл, гүлі қызыл. Жоқ мен әкелген гүлдер тірі, тәрбиешіні түсінбедім Балаларда аяушылық сезім оянады<br>Негізгі бөлім Тәрбиеші: Балалар Буратино бір нәрсені түсінбей тұр екен кәне түсіндірейік.<br>Гүлдер дегеніміз орысша - цветы<br>Бұл жасанды гүлдердің тірі гүлдерден қандай айырмашылығы бар?<br>Жасанды гүлдер не?<br><br>Тірі гүлдер дегеніміз не?<br><br>Тәрбиеші: Кәне балалар Буратиноға тұқым дегеніміз не , ол не үшін керек?<br><br>Тәрбиеші: Кәне ненің тұқымдарын білесіңдер?<br><br>Буратино: Жоқ мен сенбеймін мына кішкене жаңғақты қорапқа салып орамалмен жауып, тибиду- тибиду дух – емен өс десем мынандай ағаш өседі ме? Мен сенбеймін.<br><br>Тәрбиеші: Жоқ Буратино сағн бұл жерде сыйқырлы сөздер көмектеспейді, бұл жерде білім мен еңбек керек кәне менің балаларым саған мына тірек схема арқылы түйндіріп береді Балалар жауап береді |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | айтады.<br>Тамшы тамса тырс-тырс,<br>Айтады гүл:<br>-Дұрыс!Дұрыс!<br>Тамшы тамса тырс-тырс,<br>Айтады қыр:<br>-Ырыс!Ырыс! немесе «Көктем» әні.<br><br>Жаттығуды жекелей және хормен айтады.<br><br>Балалар ойынды шартына сәйкес орындайды.<br><br>Рефлексивтік – түзеушілік<br><br>«Кім жылдам?» ойыны арқылы меңгерген сөздерін пысықтайды. Шарты: балалар мұғалім көрсеткен үй бөлшектерін жылдам атау керек.<br><br>Алғыс білдіреді. Қоштасады. Балалар дұрыс жауап беруге тырысады.<br><br>Белсенділік көрсеткен балаларға алғыс айтады. | Жасанды гүлдерді біз ойнағанда , үйімізді сәндеу үшін қолданамыз. Ондай гүлдер біздің топтада бар.<br><br>Тірі гүлдер өседі, олардың тамырлары болады, суғарамыз, өскен сайын өзгереді, тұқымдары шығады, гүлі болады.<br><br>Тұқым өсімдіктер ді өсіру үшін керек.<br><br>Балалардың әрекеті .<br>Мынау асқабақ тұқымы одан асқабақ шығады (Асқабақ суретін көрсету) Т.б<br><br>Балалардың іс – әрекеті<br><br>Тәжірбиелік жұмыс Тәрбиеші: Түсіндің бе Буратино?<br><br>Түсіндім, түсіндім ал жарайды мынау менің құбағысым қалай? |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі  Апта дәйек сөзі: «Көп еңбек еткенге, бақыт басын иеді.»
Пән мұғалімі: Сәуір айы:  Самбетова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі: 14.04.2025 - 18.04.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 14.04.2025ж | Бейсенбі 17.04.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары, Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Өн ұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Ән ұран айту.<br>«Қандай?» «Неше?»<br>Балаларды сөйлем құрауда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін, пішінін сипаттай білуді меңгерту, сөздік қорларын молайту.<br>Әдістер: көрсету, түсінік беру, жаттықтыру, сұрақ-жауап.<br>Меңгерілетін сөздер: қзыл, жасыл, сары, көк, үлкен, кішкентай, сопақ, дөңгелек.<br>Сабақтың барысы:<br>Өткен сабақтағы сөздерді қайталатып, балаларға сұрақтар қойылады: Үй қандай?<br>Үлкен. | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Ән ұран айту.<br>«Киімдер»<br>Киім- кешек үшін негізінен малдың жүні мен терісі пайдаланылады. Сонымен бірге сән- салтанатқа арнап ерекше құнды материалдан тіктіретін болған. Қазақтың киім-кешектеріне: тақия, бөрік сәукеле, шапан, тон, камзол, бүрмелі көйлек, етік т.б жатады. Бұл киімдер түр- түрге бөлінеді.<br><br>**Сырт киімдер:** шапан, тон, тұлып, тымақ, етік, саптама етік.<br>**Сулық киім:** шекпен.<br>**Бір киер:** той думанда киетін қымбат материалдан сәнді етіп тігілген киімдер.<br>**Ішкі киімдер:** көйлек, қамзол, кәзекей.<br>Қазақ халқы бас киімді аса қадірлейтін болған. Бұл баскиімдер екіге бөлінеді: Ер адамдарға, әйел адамдарға арналған.<br><br>*Ер адамдарға:* тақия, бөрік, тымақ, қалпақ.<br>*Әйел адамдарға:* тақия, сәукеле, бөрік, орамал, кимешек. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Орындықтың түсі қандай?<br>Қызыл.<br>Кілем қандай?<br>Кішкентай.<br>Түсі жасыл.<br>Балалардың назарын ойыншықтарға аудартып сөздік жұмыс жүргізу.<br>Тіл дамыту мақсатында ойыншықтарды сипаттату.<br>Мынау қуыршақ.<br>Қуыршақ әдемі.<br>Шашы көзі қап-қара.<br>Көзі үлкен, бойы ұзын.<br>Сергіту сәті:<br>Ойыншықтар қандай, қандай?<br>Қызыл, жасыл, сары, қоңыр.<br>Түрлі-түсті түрлері.<br>Доп-домалақ сорақ,<br>Ұзын-қысқа құлақ.<br>Ұзын-қысқа құйрық.<br>Сүп-сүйкімді жұмсақ.<br>Бояулар өлеңін жатқа үйрету.<br>Қызыл бояу қызғалдақ,<br>Сары бояу сарғалдақ.<br>Жасыл бояу жайлауым.<br>Іздеп барар армандап.<br>Д\О: «Кімде қандай, қанша ойыншық бар?»<br>Қорытындылау.<br>Балаларды нарапаттау. | Сәукеле ең сәнді, күрделі баскиім. Сәукеле- қалыңдықтың бас киімі. Оны той өткенше киетін болған. Сәукеленің төбесін асыл тастармен, алтын, күміспен әшекейлейтін болған.<br><br>Тымақ пен бөрікті аң терісінен, сеңсеңнен жасап, барқыт пен атласпен тыстаған.<br><br>Енді балалар, түрлі- түсті қағаздан осы ұлттық киім үлгісін жасап көрейік.<br><br>**Сарамандық жұмыс.**<br>**Қауіпсіздік ережесі:**<br>*1. Қайшыны ашық тастама.*<br>*2. Үшкір жағын адамға ұсынба.*<br>*3. Қағазды үнемде.*<br>*4. Таза, ұқыпты жұмыс жаса.*<br>*5. Жұмысыңды болған соң, үстел үстін жина.*<br>Оқушылар жұмысын жасайды.<br><br>**IV. Сергіту сәті.**<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Қолымызды созамыз.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Біз тынығып аламыз.*<br>*Алақанды созамыз,*<br>*Орынмызға тұрамыз.*<br>Балалар жасаған үлгісін көрсетіп, киімнің қай түрі екенін ажыратады.<br><br>*Мақал – мәтелдердің жалғасын табу:*<br>Байлық атасы - еңбек , анасы - жер.<br><br>Рахаттың түбі- еңбек, түбі- жеңіс.<br><br>Жердің сәні – егін, ердің сәні – білім.<br><br>Еңбек ердің көркі, ер елдің көркі.<br><br>Өнерлі баланың он саусағы тең, өнерсіз баланың бір саусағы кем. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін:

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Хромтау қаласы МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы
Пәні: Қазақ тілі Апта дәйек сөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар.»
Пән мұғалімі: Сәуір айы: Самбетова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі: 21.04.2025 - 25.04.2025ж

<table>
<tr><td>Апта күні</td><td>Дүйсенбі 21.04.2025ж</td><td>Бейсенбі 24.04.2025ж</td></tr>
<tr><td>Топтары,<br>Жасы</td><td>«Балапан» мектепалды тобы 5 жас</td><td>«Балапан» мектепалды тобы 5 жас</td></tr>
<tr><td>Ата-анамен жұмыс</td><td colspan="2">Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба</td></tr>
<tr><td>ҮІӘ-дайындық</td><td colspan="2">Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау.</td></tr>
<tr><td>Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет<br><br><br><br><br><br>ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар</td><td>Қарым-қатынас:<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Қандай?»<br>Амансың ба, ұлдарым<br>Амансың ба, қыздарым<br>Қандай әсем жүздерің<br>Қандай әсем жырларың<br>Қазақ халқының ұлттық киімдерінің суреттерін үлестіріп, әрбір баладан бұл қандай қай мезгілге</td><td>Қарым-қатынас:<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br><br>«Киім көп пе?»<br><br>Әр халықтың өз ырымдары, өз ерекшеліктері сонымен бірге өз ұлттық киімдері де болады. Қазақ халқының киімдері жас шамасына қарай ерекшеленген. Жастар киімі ою- өрнекті , қызыл –жасылды болса, үлкендер киімінде өрнектер болады.<br><br>Киім- кешек үшін негізінен малдың жүні мен терісі пайдаланылады. Сонымен бірге сән- салтанатқа арнап ерекше құнды материалдан тіктіретін болған. Қазақтың киім-кешектеріне: тақия, бөрік сәукеле, шапан, тон, камзол, бүрмелі көйлек, етік т.б жатады. Бұл киімдер түр- түрге бөлінеді.<br>Сырт киімдер: шапан, тон, тұлып, тымақ, етік, саптама етік.<br>Сулық киім: шекпен.<br>Бір киер: той думанда киетін қымбат материалдан сәнді етіп тігілген киімдер.</td></tr>
</table>

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | киетін киім, оюлары қандай екенін сұрап сөйлеу дағдысын қалыптастыру.<br><br>Киімге салынған оюларды атап қошқар мүйіз, түйе табан, су ою деп ұлттық киімдер салынған суреттерді бояйды.<br><br>Киім-кешектерге байланысты жұмбақтар жасырылады.<br><br>Бір нәрсе менен биік,<br><br>Кейде менен аласа,<br><br>Мұндай қызық дүниеде,<br><br>Көріп пе едің тамаша.<br><br>(Бөрік)<br><br>Д/О: «Асықтарды қармақпен түсіне сай топтастыр»<br><br>Сабаққа жақсы қатысқан балаларды мадақтап, қорытындылау. | **Ішкі киімдер:** көйлек, қамзол, кәзекей.<br>Қазақ халқы бас киімді аса қадірлейтін болған. Бұл баскимдер екіге бөлінеді: Ер адамдарға, әйел адамдарға арналған.<br><br>*Ер адамдарға:* тақия, бөрік, тымақ, қалпақ.<br>*Әйел адамдарға:* тақия, сәукеле, бөрік, орамал, кимешек.<br>Сәукеле ең сәнді, күрделі баскиім. Сәукеле- қалыңдықтың бас киімі. Оны той өткенше киетін болған. Сәукеленің төбесін асыл тастармен, алтын, күміспен әшекейлейтін болған.<br><br>Тымақ пен бөрікті аң терісінен, сеңсеңнен жасап, барқыт пен атласпен тыстаған.<br><br>Енді балалар, түрлі- түсті қағаздан осы ұлттық киім үлгісін жасап көрейік.<br><br>**Сарамандық жұмыс.**<br><br>**Қауіпсіздік ережесі:**<br>*1. Қайшыны ашық тастама.*<br>*2. Үшкір жағын адамға ұсынба.*<br>*3. Қағазды үнемде.*<br>*4. Таза, ұқыпты жұмыс жаса.*<br>*5. Жұмысыңды болған соң, үстел үстін жина.*<br>Оқушылар жұмысын жасайды.<br><br>**IV. Сергіту сәті.**<br><br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Қолымызды созамыз.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Біз тынығып аламыз.*<br>*Алақанды созамыз,*<br>*Орынмызға тұрамыз.*<br>Балалар жасаған үлгісін көрсетіп, киімнің қай түрі екенін ажыратады.<br><br>*Мақал – мәтелдердің жалғасын табу:*<br>Байлық атасы - еңбек , анасы - жер.<br><br>Рахаттың түбі- еңбек, түбі- жеңіс. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы МКҚК N1«Күншуақ» МДҰ
Пәні: Қазақ тілі Апта дәйек сөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер.»
Пән мұғалімі: Сәуір айы: Самбетова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі: 28.04.2025 - 30.04.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 28.04.2025ж | Бейсенбі 2.05.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары,<br>Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен<br>жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҰІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**ҰІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Сен не киесің?»<br>**Шаттық шеңбері**<br>Достарды біз қолдаймыз.<br>Қиын шақта қорғаймыз,<br>Біздің топта ұл-қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Балалар орнымызға жайғасып тақтаға назар аударайықшы.<br>**Деманстрациялық материалда берілген суретпен жұмыс**<br>Балалар сендер кімді көріп тұрсыңдар? | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Ағаштар»<br>Балалар алдымен үлкендермен амандасып алайық<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз.<br>Бәріңізге құрметпен,<br>Бас иеміз біз.<br>Сәлеметсіз бе!<br>**Оқу қызметімізді жақсы тілекпен бастайық**<br>Нұр құшап әлемге,<br>Арайлап таң атты.<br>Жарқырап күніміз,<br>Жер көкті оятты.<br>Қайырлы таң, қайырлы күн! Балалар, бүгін біз не туралы айтатынымызды білгілерің келе ме? Олай болса, жұмбақ шешіп |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалар нестеп жүр?<br>олар өте көңілді ойнап жүр екен.<br>Ал енді тобымыздағы ұл қыздармен танысамыз<br>Біздің топта ұлдар барма екен?<br>Ұлдарды тақтаға шығарып танысу және киімдерімен таныстыру жейде,шалбар ,бәтеңке,көйлек сөздеріне сөздік жұмысын жүргізу.<br>**Билингвальды компонент:**<br>Көйлек -платье<br>Шалбар –брюки<br>Жейде- рубашка<br>Бәтеңке-туфли<br>Енді балалар маған тақтаға екі бала шыға қойсын<br>Тақтада берілген киімдерді салыстырамыз қайсысы ұл балаға қайсысы қыз балаға арналған екен<br>Тақтаға киімдердің үлгісін көрсету.<br>**Сергіту сәті**<br>Күндей болып күлеміз,<br>Гүлдей болып өсеміз.<br>Құстай болып ұшамыз,<br>Көбелектей қонамыз | көрейік. Егер жұмбақтың шешуін дұрыс тапсаңдар, жасырын кейіпкеріміз шығады.<br>Шақырсаң, өздігінен бара алмайды,<br>Сұрасаң, бірде жауап бере алмайды.<br>Егер де отқа салсаң, өліп кетер,<br>Бір жерін кесіп алсаң, қанамайды. (Ағаш)<br>Жарайсыңдар, балалар! Балалар, біз оқу іс-әрекетімізді бастамас бұрын тілімізге, қолымызға жаттығу жасап алайық.<br>«Кім бірінші» саусаққа, тіл, қол жаттығулары<br>**Мұғалім:** Айнала сары киінді,<br>Құстар жылы жаққа ұшады.<br>Күн бұлттанып ызғарланды,<br>Бұл қай кезде болады?<br>**Балалар:** Бұл күз мезгілінде болады.<br>**Мұғалім:** — Балалар, жылдың неше мезгілі бар?<br>**Балалар:** Жылдың төрт мезгілі болады: қыс, көктем, жаз, күз<br>**Мұғалім:** Қазыр қай мезгіл?<br>**Балалар:** күз мезгілі<br>**Мұғалім:** Күздің ерекшелігін кім айтады?<br>**Балалар:** Күн суық, жылы киінеміз, ағаштар сарғаяды, жаңбыр жауады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, көкініс, жеміс-жидектерді жинап аламыз. **Мұғалім**: Кім күз туралы тақпақ біледі?<br>Сауле: Алтын сары, қызыл, көк,<br>Алуан, алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>**Мұғалім:** Жарайсыңдар, балалар! Балалар балабақша айналасында өсіп тұрған ағаштарды білеміз бе?<br>Балабақшамызға кірер алдында сол жақта қандай ағаш өсіп тұр?<br>Айару: қарағаш, сирен және роза гүлдері өсіп тұр.<br>**Мұғалім:** Ал келесі оң жақ қапталында не бар? |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Ал енді балалар бізге Айкерім қонаққа келіпті.Кәне қонағымызбен амандасып,оның қандай өтініші бар екенін тыңдайық.<br><br>Сендермен бірге ойнап ,серуенге барсам дейді.<br><br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br><br>Ауа райы қандай?<br><br>адамдар қыста қалай киінеді?<br><br>Ал Айкерім қалай киініп алған?<br><br>Айкерім нені киуді ұмытып кетті Сіздермен бірге далаға шыққысы келеді екен, бірақ балалар қыста қалай киінуіміз керек? ал Айкерім нені ұмытып кеткен? әрине мойынорағышпен, бас киімін егер оны кимесе тоңып қаладыго сол себептен Айкерімге көмектесіиік.<br><br>Мен сендерге алдымен ермексазды қалай қолдану керек екенін түсіндірейін. Ермексазды аузымызға салуға болмайт. Ол үшін ермексазды жұмсартып екіге бөліп жұмсартамыз алақанға салып айналдыра отырып домалақтаймыз домалақты жалпақтап ,бас бармақпен ортасынан басып қуыс жасаймыз<br><br>Екіншісін шұжықша пішінге келтіріп жалпақтаймыз<br><br>**«Қуыршақты киіндіру»** ойынын ұйымдастыру. Балаларға қуыршақтың киімдері ұсынылады. | Даниял: гүлдер өсіп тұр, балабақша жанында жеміс ағаштары бар.<br>**Мұғалім:** Өте жақсы балалар. Бақшамызда өсетін ағаштарды, гүлдерді жақсы біледі екенсіңдер. Неге осы картада түрлі бояумен боялған?<br>**Балалар:** Өйткені күз мезгілі. Жапырақтар сарғайған.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бойды бүкпей тік ұста,<br>Еркін тұрып тыныста.<br>Жай оң қолды оң жаққа,<br>Жай сол қоды сол жаққа.<br>Екі қолды белге ұста.<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым.<br>Қос аяқтап топ-топ,<br>Алақанды соқ-соқ.<br>Біздің айналамыздағы ағаштар өте маңызды және әрқашан адамның жағдайын жақсарту үшін қажет – оның ішінде егін жинағаннан кейін де. Бұл керемет планетада біз ағаштарсыз өмір сүре алмайтынымызға сену қиын емес. Ағаштар біз өмір сүру үшін маңызды, өйткені біз оны білеміз және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жер асты әсері. Біздің бар ормандар мен ағаштарды біз жақсы әлем құру үшін таңдаймыз. Енді маған осы ауылда өсетін ағаштардың аттарын кім айтады?<br>**Дидактикалық ойын:** «Сиқырлы шам арқылы суретке қарап, атын тап»<br>**Айару:** Көше бойы аралас<br>Қаптап өскен қара ағаш<br>**Жасмина:** Егістікті көлемді,<br>Қоршай ектік еменді.<br>Ескен желді егінді,<br>Қорған тұрар ол енді.<br>Жарайсыңдар балалар. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы МКҚК N1«Күншуақ» МДҰ
Пәні: Қазақ тілі  Апта дәйек сөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ.»
Пән мұғалімі: Мамыр айы:  Самбетова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі: 5.05.2025 -8.05.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 5.05.2025ж | Бейсенбі 7.05.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары,<br>Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҮІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br>**ҮІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Ненің жапырағы?»<br>Балалар, мен барлығыңды шаттық шеңберіне шақырамын.<br>«Мейірімді жүрек» Шарты: Балалар үлкен шеңбер құрып отырады.Мұғәлім жүрекшені ұстап тұрып:<br>«Балалардың мейірбандық жүрегі, Адамдарға бақыт, шаттық тіледі»,-деп айтып көршісіне жылы сөздер айтатынын | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Менің сүйікті ағашым»<br><br>Көктем мезгілінің ерекшеліктері және ағаштардың гүлдеуі туралы түсініктерін кеңейту; эстетикалық сезімін қалыптастыра отырып, дүнистанымын, ой-өрісін дамыту; бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын арттырып, таза, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br><br>**Көрнекіліктер:** гүлдеп тұрған ағаштардың суреті, муляждар.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар**: қоңыр түсті қағаз, су бояу, қылқалам, су,сүрткіш.<br>**Сөздік жұмыс:** бүршік жарады – бүршіктің жапыраққа айналуы.<br>**Әдіс-тәсілі:** көрсету, түсіндіру, сурет салудың сүйкей жағу және бастыру<br>тәсілі, ми шабуылы, саусақ жаттығуы, дид.ойын. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | түсіндіру. Өткен оқу іс – әрекетіндегі тақырыбымыз не туралы айттық, еске түсірейікші.<br><br>– Жарайсындар, балалар. Бүгінгі жаңа тақырыбымыз «Ағаштар» (биік- аласа). Балалар бейнетаспадан көріп отырғандарыңыз ағаштар және олардың түрлері. Ағаштар далада, орманда, бақшада өседі. Оларды өсімдіктерге жатқызамыз. Дала өсімдіктері асакүтімді қажет етпейді. Ал, бақша өсімдіктеріне көп<br><br>күтім қажет. Оларды суарамыз,суарудың да көптеген әдістері бар. Ағаштың дінін ағашқа құрт түспеуі үшін ақтаймыз. Тыңайтқыштар береміз.Өйткені күтімді уақытылы жасаса жемісті мол береді. Бейнетаспадан «өсімдіктерді суаруды» көрсету Ағаштардың биіктігіне қарай биік-аласа деп ажыратамыз. (бейнетаспадан | **Билингвалдық компонент:** ағаш – дерево, гүл – цветок.<br>**Инклюзивтік әлеумет:**<br>іс – әрекетті орындағанда қиналған балалардың зейінін, есте сақтауын арттыру.<br><br>Барлығы бірге көктем жайлы өлеңді айтады.<br>Көктем қандай көңілді,<br>Күміс жамбыр төгілді.<br>Мөлдір аспан ашылды,<br>Күн пердесі сөгілді.<br>Балалар қимылдар жасайды.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Балалардан ай атауларын, апта күндерін,жыл мезгілдерін сұрау. Көктем туралы тақпақтарын естеріне түсірту.<br>Көктем мезгілінің ерекшеліктеріне тоқталып, суреттер бойынша толық түсінік беру. (жер көгереді, гүлдер шығады, ағаштар бүршік жарады, жеміс ағаштары гүлдейді , құстар ұшып келеді т.б)<br>-Балалар, мына ағашқа назар аударайықшы. Қанадай әдемі көрініс?!Ағашына қарандаршы гүлдер өсіп тұр. Сендер білесіңдер ме, осы гүлдерден жемістер түйіндейді.Ол жаз бойы күн санап өсіп, үлкейе береді де, күзге қарай пісіп, дәмі тіл үйіретін жеміс болады.<br>Бүгін біз гүлдеп тұрған ағаштың суретін саламыз. Бізге бұл тапсырманы орындау үшін жасыл, қоңыр, сары түстер қажет болады.<br>Сурет салу әдісіне түсінік.<br>Қылқаламды бастыру тәсілі арқылы ағаштың гүлдерін ашық күлгін түспен саламыз.<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Ұшты-ұшты көбелек,<br>Би биледі дөңгелеп.<br>Гүлін көріп алманың<br>Ағашқа қонды көбелек |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | көрсетіп ажыраттыру)<br><br>Ағаштарды топтастыру Биік аласа Сергіту сәтін жасау. «Жаз» өлеңі<br>Ойын: «Қай ағаштың жемісі» Жемістерді өз ағашына қою. Біз бүгінгі оқу іс- әрекетінде қандай тақырыпта жұмыс жасадық? - Ағаштарға қандай күтім жасаймыз? Ағаштарды қалай топтастырдық? Оқу іс – әрекетіне белсене қатысқан балаларды мадақтау, қуанышты хабарлама тарату. Шаттық шеңбері: - Қол ұстасып тұрайық Шеңберді біз құрайық. Көріскенше күн жақсы Сау-саламат болайық! | Сосын бояуды қылқаламмен қағазға жайлап тигіземіз.. Жеңіл қозғалыспен сүйкей жағу тәсілімен гүлдерін саламыз.<br>Берілген түстерді пайдаланып, тәрбиешінің көрсетуі бойынша ағаштардың гүлінің суреттерін салады.<br><br>**Ойын: Ғажайып дорба.**<br>**Мақсаты:** Дорбадағы жемістерді сипап сезіну арқылы қандай жеміс екенін айыра білу дағдысын қалыптастыру.<br>**Ойын шарты:** Балалар дорбадағы жемістерді сыртынан сипау арқылы оның қандай жеміс екенін және пішінін айтады.<br><br>Балалар жемістерден шырын,компот және түрлі пироггар жасауға болады.Өйткені жемістер дәрумендерге бай.<br>Балалар жемістердің қалай пайда болу және пайдасы туралы білдік.<br><br>**Сергіту сәті.**<br>Сергіту сәтінде интербелсенді тақтаға қарап қимыл – қозғалыс жасайды.<br><br>**Қорытынды бөлім:** |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы МКҚК N1«Күншуақ» МДҰ
Пәні: Қазақ тілі  Апта дәйек сөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ.»
Пән мұғалімі: Мамыр айы:  Самбетова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі: 12.05.2025 - 16.05.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 12.05.2025ж | Бейсенбі 15.05.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары, Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҰІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**ҰІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Гүлдер»<br>Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру. Әдемілікті сезіне білуге, көктемдік талғамдарының жетілуіне ықпал ету. Табиғатты қорғауға, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу.<br>Әдіс – тәсілдері: Түсіндіру, слайд көрсету, сұрақ - жауап, сергіту, мадақтау.<br>Көрнекіліктер: Слайд, бөлме, дала, емдік гүлдері, ашылған картоп, түрлі - түсті гуашь.<br><br>Педагог:<br>- Балалар, бүгін бізде өте ерекше күн, себебі бізге көптеген апайлар келіп отыр. | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br><br>«Маған ұнайды»<br><br>**Ұйымдастырушылық кезеңі**<br>Жыл мезгілін, ай, апта атауларын сұрап, естеріне түсіру.<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>- Қазір көктем мезгілінің қай айы?<br>- Бір аптада неше күн бар?<br>- Бүгін аптаның қай күні?<br>Балалар көктем мезгілінде күн жылы болады. Құстар жылы жақтан келеді.<br>Тәрбиеші күн бейнеленген суретті көрсетеді. Бұл – ең үлкен және қайырымды керемет күн. Тағы ол қандай?<br>**«Салыстыр және ата» ойыны.**<br>Тәрбиеші сөйлемнің басын бастайды, балалар аяқтайды. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Сәлем - сөздің атасы, деген халқым, Сол халқымның сақтадық ғажап салтын, Сәлем берейік иіліп баршаңызға, Ізетпенен алдыңда осы қалпым»- деп, алдымен келген қонақтармен амандасып алайық.<br>- Сәлеметсіздер ме!<br>Балалар тәрбиешімен амандасады. Шаттық шеңберіне тұрып, бір - біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br><br>Шаттық шеңбері:<br>«Сурет салсам - гүл саламын, Гүлге толып тұрса алаңым»- деймін мен. «Сурет салсам – күн саламын, Күндей күліп тұрса маңым»- деймін мен. «Сурет салсам - қала салам, Болсын барлық баласы аман»- деймін мен. «Сурет салсам - Адам салам, Қорған болсын, маған, саған»- деймін мен.<br><br>Педагог:<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем мезгілі.<br>- Өткен оқу іс - әрекетімізде ненің суретін салдық?<br>- Үйдің суреті<br>- Үйдің нелері болады?<br>- Қабырғалары, шатыры, терезелері, есігі.<br>- Терезелердің алдында не тұрады?<br>- Гүлдер.<br>- Дұрыс айтасыңдар, ендеше бүгінгі | Күн сары, (бақ-бақ) сияқты<br>Күн дөңгелек (доп) сияқты<br>Күн мейірімді, (анамыз) сияқты, т.с.с.<br>- Көктем күнге қалай көмектесті?<br>Неліктен қар ериді?<br>Көктемде ағаштарда не пайда болады?<br>Бүршіктің түсі қандай? Ал ағаштың ше?<br>Көктем мезгілінде жер беті құлпырып өзгеше бір ерекшелікте болады. Көктемде күн қыска қарағанда жылуын шашып, жарқырай бастады. Қар еріп, су жерді суғарды. Ағаштар да бүршік аттып, жапырақтар өсе бастады. Жылы жақтан құстар ұшып келеді<br>Жақсы балалар бүгін біз осы «Көктемдегі ағаштар» деген тақырыпта сурет саламыз.<br>Тәрбиеші көктем суретін әңгімелеп, тақтаға салып көрсетіп, түсіндіру<br>**Қауіпсіздік ережесі:**<br>Достарымызғакедергі жасамаймыз, қылқаламды орынмен пайдаланамыз. Акварельді іскемейміз, қолмен ұстамаймыз.<br>**Сурет салу тәсілі**<br>Бізге Көктемдегі ағаштарды салу үшін жасыл, қоңыр түстер қажет болады. Ең бірінші ағаштың діні, бұтақтары, гүлдерін саламыз, діні жоғарыдан төмен қарай жіңішкереді, сондықтан дінінің төмен жағын қоңыр қою бояумен бояймыз, жоғарды жанына ашық қоңыр бояуды жеңіл жағамыз. Бояуды қылқаламмен қағазға жайлап тигіземіз. Қылқаламның қозғалуы ағаштың бұтағының бағытын білдіреді. Жеңіл қозғалыспен сүйкей жағу тәсілімен жапырақтарды саламыз.<br><br>**Сергіту сәті:**<br><br>Шапалақта қолыңды,<br>Жай, жай, жай! Міне, былай!<br>Шапалақта қолыңды.<br>Тез- тез- тез! Тез-тез-тез! |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | Көріскенше күн жақсы,<br>Сау – саламат болайық! | Алға қарай адымда,<br>Жай, жай, жай! Міне, былай!<br>Жолыңнан еш жаңылма,<br>Тез-тез-тез! Тез-тез-тез!<br>Балалар сурет салуға кіріседі.<br>Балалар көктем ағаштарының суретін салады. Балалардың салған суреттерін қарап, көмектесу.<br>**Қортынды**<br>- Балалар, қандай оқу іс- әрекеті болды?<br>- Оқу іс- әрекетінде не туралы айттық?<br>- Бұл оқу іс-әрекетінде ненің суретін салдыңдар?<br>Жарайсыңдар балалар. |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы: Ақтөбе қаласы МКҚК N1«Күншуақ» МДҰ
Пәні: Қазақ тілі Апта дәйек сөзі: «Жалғанда ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек.»
Пән мұғалімі: Мамыр айы: Самбетова А.Е
Жоспардың құрылу кезеңі: 19.05.2025 - 23.05.2025ж

| Апта күні | Дүйсенбі 19.05.2025ж | Бейсенбі 22.05.2025ж |
|---|---|---|
| Топтары,<br>Жасы | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас | «Балапан» мектепалды тобы 5 жас |
| Ата-анамен жұмыс | Қазақша сөйлейік, «Сәлемдесу», «Қоштасу»<br>Ата-аналар пікірі Әнұран айту.<br><br>«Отбасы бқытымның бастауы» ата-аналарға арналған бейне жазба | |
| ҰІӘ-дайындық | Компьютер мен проекторды қосу, презентация, көрнекіліктер, дидактикалық ойындарды дайындау. | |
| **Қазақ тілінен ұйымдастырылған іс- әрекет**<br><br>**ҰІӘ тыс ұйымдастырылған іс-шаралар** | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Жаз мезгілі»<br>Амансың ба нұрлы күн!<br>Амансың ба қара жер!<br>Аман –есен болайық!<br>Бейбітшілік қалайық! Амандасу түрлерін көрсетеді.(қолымен,басынан сипалап,бетінен ұстап,құшақтап)<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>• -Балалар бір сәт өзімізді – сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік. | **Қарым-қатынас:**<br>Амандасу.<br>Әнұран айту.<br>«Жазғы киімдер»<br><br>Балалар, көктем мезгілінен кейін жылдың қай мезгілі келеді деп ойлайсыңдар?<br><br>-Жазда ауа райы қалай болушы еді?<br>Қонаққа қалың киім киген екі қуыршақ келеді.<br>-Сәлеметсіңдерме, балалар?<br>-Менің атым – Сандуғаш, ал мынау –менің досым Думан. Балалар, неге екенін білмейміз, біз әбден ыстықтадық.<br>-Сонда қалай, киімдер қыстық, жаздық болып бөліне ме?<br>-Оларды кім бөледі және олар не үшін бөлінеді. Мен түкке түсінбедім.<br>Тәрбиеші: Сандуғаш, Думан, балалар дұрыс айтады. Киімдер қыстық киім, жаздық киім, тіпті көктем, |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | -Айнала қандай?<br><br>Дала қандай?<br><br>-Ал ағаштар ше?<br><br>-Ауа қандай?<br><br>-Терезеге не түсіп тұр бар?<br><br>Жаз қандай болады? (ыстық, Демалады .Шомылады ,Күнге күйеді)<br><br>көңілді,т.б<br><br>Жазда бау-бақшада не өседі?<br><br>-Яғни, мұның барлығы қай кезде болады? (балалардың жауабы<br><br>Жылдың төрт мезгілібар: ..., ..., ..., ... .<br><br>Бір жылда ... ай бар.<br><br>Жаз айлары: ..., ..., ... .<br><br>Ең ыстық жыл мезгілі: ... .<br><br>Қазір жаздың алғашқы айы<br><br>Иә білемін айнала гүлденіп,жап-жасыл күйге енеді.<br><br>Ал біз болсақ, суға түсіп көңілді ойнаймыз.Саябаққа ,орманға саяхаттаймыз. | күз маусымына арналған киімдер болып бөлінеді.<br>Жаздық киімді ыстық кездерде, жаз айларында киеді.<br>Кәне балалар, сендер өздеріңнің үстілеріндегі киімдеріңді ұстап көріңдерші. Сандуғаш пен Думанның киімінен айырмашылығы бар ма?<br>-Міне, байқадың ба, Сандуғаш?<br>Сендер қалың қыстық киім киініп алғандықтан ыстықтап тұрсыңдар. Ал балалардың киімі жұқа матадан тігілген.<br>Сол себепті олар ыстықтамайды.<br>Сандуғаш: Сендер жұқа жаздық киімдерді қайдан алдыңдар?<br>-Олай болса сендер дүкенге ьарып бізге киім түрлерін көрсетеді.<br>Қуыршақтар киімдерді көріп қуанады.<br>Сандуғаш атты қуыршақ балаларға киімдерді жеке-жеке көрсетіп сұрайды.<br>-Мынау қандай киім?<br>-Жазда баскиімнің қажеті жоқ қой.<br>Біз бұл киімді алмай-ақ қояйық.<br><br>-Жарайды мен ондай телпекті алмамын.<br>-Ал мына киімдерді қалай киеді?<br>-Қандай әдемі киімдер!<br>Түсі қандай өзінің?<br>Қандай матадан тігілген?<br>Осылайша балаларға дүкеннен алып келген жаздық киімнің барлығын көрсетіп, сұрап шығады.<br>-Рақмет, балалар, енді мен сендер әкелген киімдерді киіп алайын. Сандуғаш ұл балаға арналған киімдерді кие бастайды.<br>Тәрбиеші:<br>-Балалар, Сандуғаш киімдерін дұрыс киді ме?<br>Сандуғаш: |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | - Балалар, суретте не бейнеленген?<br>- Бұл жылдың қай мезгілі?<br>Жазда қандай өзгерістер болады?<br>Бұл жыл мезгілі сендерге немен ұнайды?<br>**Жазда ауа райында қандай өзгерістер болады?**<br>**Жаз айлары жайлы біз не білеміз?.**<br>**Ойын тапсырмалар**<br>**Балалар оталықтарға фишка бойынша бөлінеді**<br>Ережелерді түсіндіріп өту. Олай болса іске сәт, балалар! | -Ой киімнің не айырмашылығы бар.<br>Барлығы да бір киім ғой.<br>**«Кім бірінші»**ойыны.<br>Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.<br>Қуыршақтар риза болып, балаларға рақметін айтып қоштасады.<br>Тәрбиеші балаларды екі орталыққа бөліп, бірінші орталықтағы балаларға жаздық киім тігуне арналған жұқа маталарды іріктеп алу, екінші орталықтағы балаларға ұл бала мен қыз балаға арналған киімдерді іріктеп алу тапсырады.<br>**Сергіту сәтін өткізу.** |

Сканировано с CamScanner